



Елбасы көңіл айтты

Нұрсұлтан Назарбаев Әбсаттар Дербісәлінің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Елбасы көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Әбсаттар Дербісәлінің өмірден өтуіне байланысты орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтты.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Әбсаттар қажы Бағысбайұлы саналы ғұмырын ғылым жолына, діни ағарту саласына арнаған парасаты биік, пайымы жоғары, ақжарқын азамат болғанын атап өтті. Жеделхатта көрнекті дінтанушының Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының басшысы қызметін атқарған кезде мұғият жұмысын жаңа деңгейге көтеруге, елімізде дінаралық татулық пен ұлтаралық келісімнің нығаюына зор үлес қосқаны айтылған.

Нұрсұлтан Назарбаев Әбсаттар Дербісәлінің ғибратты ғұмыры мен жарқын бейнесі жұртшылық жадында әрдайым сақталатынына сенім білдірді.

Президент көңіл айту жеделхатын жолдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әбсаттар қажы Дербісәлінің отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-тегі парақшасында жазды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аса көрнекті шығыстанушы және дінтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі, дипломат Әбсаттар қажы Бағысбайұлы Дербісәлінің дүниеден өтуіне байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

— Әбсаттар Бағысбайұлы еліміз үшін еселі еңбек етті. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен басталған ұстаздық жолы жемісті болды. Арабтану ғылымының негізін салушылардың бірі ретінде ғылымға терең бойлап, монографиялар мен құнды еңбектер жазды. Сонымен қатар еліміздің сыртқы саясаты саласында қызмет етіп, Қазақстан мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы ынтымақтастық байланыстың өркен жаюына атсалысты.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти болған тұсында ислам дінінің құндылықтарын дәріптеуге, сондай-ақ конфессияаралық және ұлтаралық келісімнің нығая түсуіне қомақты үлесін қосты.

Өнегелі ғұмыр кешіп, сонына мол ғылыми мұра қалдырған Әбсаттар қажы Бағысбайұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды. Халқымыз көрнекті ғалымның есімін әрдайым ардақ тұтады, — деп жазылған Президенттің жеделхатында.

ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНДАРЫ



Қахармандық – қазақ қанына сіңген қасиет. Есте жоқ ескі заманнан бері бабаларымыз ержүрек, қайсарлығымен танылған. Олардың көзсіз, сөзсіз ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, ақиқатпен астасқан аңыз. Тәуелсіздік таңы тудырған «Халық Қаһармандары» атағы да аз емес. Ендеше бейбіт күннің батырлары кімдер? 4»

Балқаш көлі тартылып барады

Экологтер осылай деп дабыл қағып жатыр. Жақында климаттың өзгеруінің гидрологиялық салдарын зерттейтін NASA және Circle of Blue мамандары 2021 жылы үш миллионнан астам адам Балқаштағы судың таяз әсерін сезінетінін ескертті. Сарапшылар «Балқаш көлі Аралдың кебін кие ме?» деп қауіптенеді.

БАЛЫҚ ТА КЕТТІ АЗАЙЫП...

Мамандардың айтуынша, осыдан 35 мың жыл бұрын пайда болған Балқаш көлінде қазіргі уақытта балықтың 26 түрі бар. Олардың барлығы – жерсіндірілген балықтар. Ресми деректер бойынша, 1930-1940 жылдары жылына 5 000 тоннадан астам, ал 1961 жылға дейін жылына орта есеппен 2 300 тонна Балқаш алабұғасы ауланған. Ол кәсіптік мәні

бар балықтардың ішінде 2-орында тұрған. Кейіннен Балқаш көліне жерсіндірілген жыртқыш көксерке мен акмарка балықтар жіберілуінің салдарынан Балқаш алабұғасының саны азайып, 1966 жылы бар болғаны 10 тоннадай ғана Балқаш алабұғасы ауланған. Ал 1971 жылдан кейін Балқаш алабұғасы мүлде ауға түспеген.

7»



Адамды еркінен тыс құлдыққа жегу, жезөкшелікке салу, «тірі тауар» ретінде және бөлек ағзасын сату ең дамыған елдердің өзінде әлі күнге дейін жойылмай келеді. Өкінішке қарай, Қазақстан да адамды мал құрлы көрмейтін тірі тауар дәлізіне айналып отыр. «Құл иеленушілерге» құқық қорғау органдары өкілдерінің өзі «крыша» болып жүр екен. Бұл – әлем назарындағы айғақ.

КӨШІ-КОНЫМЫЗДА КІЛТИПАН БАР

Бүгінде заңсыз бизнес арқылы табыс табу жағынан адам саудасы қару-жарак және есірткі сатудан кейінгі үшінші орында тұр. Оның өзі әлем бойынша шамамен 40 миллионнан астам құрбан ететін трансұлттық қылмыстық ұйымдарды байытады екен. Ақшаны жылыстатуға қарсы күрес бойынша қаржылық шараларды әзірлейтін халықаралық FATF тобының мәліметінше, жыл сайын адам сатудан 150 миллиард доллар пайда түседі-міс. Ал бейресми дерекке сүйенсек, жылда 2,5 миллион адамның «тірі тауар» болатыны болжанған. БҰҰ мамандары жаһандық адам саудасы негізінен Балқан түбегінде, ТМД елдерінде, Оңтүстік Америка құрлығында, Орталық Еуропада, Африкада

ЗАМАНАУИ ҚҰЛДЫҚ: адам саудасы азаймады

және Шығыс Азияда өрісіп тұрғанын анықтаған. Соның ішінде соңғы 10 жылда Қазақстанда 1,5 мың адам құлдыққа түскен десек, халықаралық Walk Free ұйымы қазір елімізде жалпы 75 мың адамның құлдық қамытын киіп жүргенін алға тартып отыр.

«Адам саудасына қатысты заңсыз әрекеттердің бәрі ұйымдасқан қылмыстық топтарға барып тіреледі. Қылмыстық топтар адамдарды сексуалдық мақсатта немесе күштеп жұмысқа салу үшін пайдаланады. Көші-кон жөніндегі

халықаралық ұйымның мәліметіне сүйенсек, заңсыз мигрант әкелу жүйесінде әлем бойынша 5-7 миллиард АҚШ доллары айналымда жүр», — дейді БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының өңірлік үйлестірушісі Данило Камписи. Сол себепті бұл халықаралық ұйым Орталық Азия елдеріне адам саудасы мен заңсыз миграциядан түсетін көлемдегі ақшаның жолын кесу бойынша көмек көрсетпек.

(Жалғасы 6-бетте)



МҰНАЙ ЗАУЫТТАРЫН ЖӨНДЕУ АҚША ЖЫМҚЫРУДЫҢ ЖОЛЫ МА?

Соңғы жылдары еліміздегі 3 ірі мұнай өңдеу зауыты жиі жөндеуден өтетін болды. Биыл да бұл әдеттен жаңылмадық. Жаңағы кешендердің бәріне де осы жылдың ішінде қайта жөндеу жүргізілмек. Жұмыс уақытша тоқтағаннан соң бензин тапшы боп, баға қымбаттайтыны айтпаса да белгілі. Оны кейбір аймақтар бастан өткеріп те үлгерді. Ал мұнай өңдеу зауыттарын жөндеуге мол қаржы шығындалады. Яғни, зауыт жиі жөнделсе, ақша да молырақ бөлінбек. Бірақ бұл ақшаның орнымен жұмсалатынына күмән бар.

«БІР ШИКІЛІК БАР»

Наурыз айының ортасына таман Энергетика министрлігі Шымкент пен Павлодардағы мұнай өңдеу зауыты жөндеу мақсатында жұмысын уақытша тоқтатынын хабарлаған. Бірақ осы кезде аяқасты Атыраудағы мұнай өңдеу зауытынан ақау шығып, жаңағы екі нысанның құрылысы кейінге шегерілген еді. Дегенмен үш кешен де биыл жөнделеді. Осы тұста бір қызық жайтты айта кетсек. Негізі аталған мұнай өңдеу зауыттары осыдан 3 жыл бұрын ғана, 2018 жылы жаңартылған. Құрылысқа бақандай 2 триллион теңгеден астам қаржы жұмсалған. Осыған қарамастан зауыттар қайта жабылып, жұмысын тұрлатып жүр. Бұл жағдай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың да назарынан тыс қалмады. Жұырда Президент елдегі мұнай өңдейтін зауыттар мол қаржыға жаңартылса да, нәліктен жиі жабылып қала ба-



ретінің түсініксіз жайтқа балады. Осыны айтқан Қасым-Жомарт Кемелұлы мұнда бір шикіліктің барын айтқан еді. Сондықтан Үкіметке осы мәселеге назар аударуды тапсырды. Мұнай өңдейтін зауыттардың жұмысы тұралаған соң елде жанармай ба-

ғасы да қымбаттаған. Жыл басынан бері шамамен 13 пайызға өскен екен. Демек, мұнай өңдеу зауыттарын жиі жөндеу күрделі схемалардан құралған ақша жымқырудың жолы болуы мүмкін.

(Жалғасы 6-бетте)

«COVID күш алып кете ме?» деген қауіп бар



КВИ-дің «Дельта» штамы қарқынды таралуына байланысты Денсаулық сақтау министрлігі жасаған эпидемиологиялық болжамға сенсек, егер індет бұдан әрі асқына беретін болса, оған жаңадан шалдыққандар саны шілде-қыркүйек айларында 400 мыңға жетпек. Ал оптимистік сценарий бойынша 330 мың адам шалдығуы мүмкін. 2»

Жамау-жамау жолдар...

Жол сапасы туралы сын бүгін айтылып жүрген жоқ. Алпысыншы жылдардан соң жөндеу көрмеген жолдардан бөлек, жыл сайын жасалатын асфальтталған көшелердің ай сайын тесіліп жататыны көрер көзге сүйел. Бірақ «баяғы жартас – бір жартас». Тас жолға жауапты министрлік пен әкімдіктерілердің есебіне сүйенсек, елдегі жолдардың сапасы жоғары. Ал көлік тізгіндеген тұрғындардың айтары басқа. Неге?

Жұырда Парламент Мәжілісінің депутаты Шәміл Осин жол сапасының нашарлығына қатысты депутаттық сауал жолдап, жыл сайын мемлекеттік бюджеттен автожолдарды жөндеуге және салуға қомақты қаржы бөлінгенімен республикалық жолдардың тозығы жеткенін айтты. Бөлінген қаржының қайда кететінін қайдам, айтуынша, аймақтардағы жолдарды пайдалануға қаржыландырудың жеткіліксіздігі мен жергілікті деңгейдегі мердігердің кепілдігі екі есе қысқа. Үшіншіден, ірі республикалық және шағын жергілікті нысандардағы мердігерлік ұйымдарды жабықтау деңгейі де сын көтермейді. 5»



Әсел Айтпаеваны зорлады деген күдікті өлі табылды



26 жастағы қазақстандық Әсел Айтпаеваны зорлады деп айыпталған Бесик Тордуа ауруханада қайтыс болды.

Грузиялық телеарналардың хабарлауынша, Тордуаның адвокаты Лаша Шукакидзе бұл

ақпаратты растап, бір апта бұрын пенитенциарлық мекемеден ауруханаға жатқызылғанын айтқан.

Адвокат онымен кездескісі келгенде, оған дәрігерлер Тордуаның ес-түссіз күйде жатқанын мәлімдеген.

«Тордумен кездесуге келгенімде дәрігерлер оның ес-түссіз жатқанын, басынан қан аққанын айтты» деген адвокаты Лаша Шукакидзе.

Айыпталушы өлімінің нақты себебі әлі белгісіз.

Айта кетейік, 26 жастағы қазақстандық Әсел Айтпаева Грузиядағы бір үйдің ауласынан өлі табылды. Ол терезеден секірген деген болжам айтылды. Әсел Айтпаева ол жаққа көлік сағумен айналысатын автосалонға жұмысқа барған. Қайтыс болар алдында құрбысына аудио-хабарлама жіберіп үлгерген. Аудиода белгісіз ер адамның оған қоқан-лоқы көрсетіп жатқаны естіледі.

Кейін күдікті ретінде грузиялық азамат Бесик Тордуа ұсталды.

Киік мүйізінің 1 000-нан астам данасы тәркіленді

Батыс Қазақстан облысында киік мүйізінің 1 000-нан астам данасы тәркіленді. Бұл туралы БҚО Полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.



«Жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу барысында Конкин көшесінде С. есімді жүргізушінің басқаруымен «МАЗ» маркалы автокөлігін тоқтатып, тінту кезінде киік мүйізінің 1 178 данасы табылды. 1979 жылы туған С. есімді азамат Ресейге құрылыс материалдарын алуға кетіп бара жатқан жерінен ұсталды», — деді БҚО ПД бастығы, полиция генерал-майоры Махсұдхан Аблазимов.

Аталған факті бойынша Қылмыстық кодекстің 339-бабы (сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған жануарларды, олардың бөліктері мен дериваттарын заңсыз пайдалану) бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Sputnik Light тіркеуден өтті



Ресейдің коронавирусқа қарсы Sputnik Light вакцинасын Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі тіркеуден өткізді.

Ресейдің тікелей инвестициялар қоры Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі коронавирусқа қарсы ресейлік бір компонентті Sputnik Light вакцинасын тіркегені туралы хабарлады.

Sputnik Light вакцинасының тиімділігі 28 күнде 79,4% болған.

Қор жетекшісі Кирилл Дмитриев: «Қазақстанда коронавирустың алдын алу үшін Sputnik V вакцинасы қолданылып жатыр. Бір компонентті Sputnik Light вакцинасы халықты вакциналау уақытын қысқарту және ұжымдық иммунитеттің қалыптасуына септігін тигізеді», — деді.

Н.БАҚЫТ

Құрбан айт намазы 10 минут оқылады



20 шілде күні сағат 7.00-де коронавирус таралуы бойынша «сары», «жасыл аймақтарда» 10 минуттық Құрбан айт намазы оқылады. Бұл туралы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы айтты.

Бас мүфтидің айтуынша, Құрбан айт намазын оқу кезінде қатаң санитарлық талап сақталуы керек.

Биыл Арапа күні 19 шілдеге сәйкес келеді. 20 шілде — Құрбан айттың бірінші күні.

«Ал «қызыл аймақтарда» Құрбан айт намазын оқу жергілікті бас санитар дәрігердің қаулысына сәйкес жүзеге асырылады. Осы орайда Құрбан айт намазын өткізу бойынша ҚМДБ-ның өкіл имамдары жергілікті бас санитар дәрігерлермен бірлесіп, арнайы брифинг өткізеді. Жамағаттан қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды, айт намазы біткен соң мешіттен ертерек кайтуды өтінеміз», — деді Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы.

«Өтірік» екпе алған жігіт жансақтау бөліміне түсті

Жұқпалы ауруларды эпидемиологиялық қадағалау басқармасының басшысы коронавирус жұқтырып, жансақтау бөліміне түскен Қазақстан азаматы туралы айтты. Науқас жағдайы нашарлағанда вакцинация паспортын сатып алғанын мойындаған.

«Азаматтардың жансақтау бөліміне түскен жағдай көп емес. Бүгін осы жағдай туралы айта кетейін. Ер адам денсаулығы нашарлағанда вакцина салдырмағанын, зан бұзып, вакцинация паспортын сатып алғанын мойындады», — деді Жұқпалы ауруларды эпидемиологиялық қадағалау басқармасының басшысы Роза Қожапова.



Оның айтуынша, вакцина салдырғаннан кейін ауырған адам коронавирусты жеңіп өткізеді. «Біз ауру жұқтырғандар санына мониторинг жасап оты-

рамыз. Әзірге вакцинаның бірінші дозасын салдырған 1 325 адам, екінші дозасын салдырған 964 адам коронавирусты қайта жұқтырды», — деді Роза Қожапова.

Түркістаннан 11 қалаға әуе рейсі ашылады

Азаматтық авиация комитетінің мәліметінше, 11 қаладан Түркістан қаласына тікелей әуе рейстерін ашу жоспарда бар.

Алғашқы рейс 15 шілдеде ұшу катынайды» делінген комитет хабарламасында.

Алғашқы рейс 15 шілдеде ұшу

жоспарда бар. Билет бағасы — 16-25 мың теңге.

Н.БАҚЫТ



«COVID күш алып кете ме?» деген қауіп бар

КВИ-дің «Дельта» штамы қарқынды таралуына байланысты Денсаулық сақтау министрлігі жасаған эпидемиологиялық болжамға сенсек, егер індет бұдан әрі асқына беретін болса, оған жаңадан шалдыққандар саны шілде-қыркүйек айларында 400 мыңға жетпек. Ал оптимистік сценарий бойынша 330 мың адам шалдығуы мүмкін.

Дәулет АСАУ

2021 жылғы 1 шілдедегі есеп бойынша, елімізде үнді штаммын анықтау үшін 414 сынамаңың ПТР скринингі өткізілген. Үнді штаммы соның 48,3%-да барлық облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында табылған. Мутацияның болуын және оның «Дельта» штамына жататынын түпкілікті растау үлгілердің ДНҚ толық геномдық реттілігі аяқталғаннан кейін анықталады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 1 шілдеде таратқан ақпаратында «Дельта» SARS-CoV-2 штамы әлемнің 96 елінде кездескен.

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойдың айтуынша, елімізде қазір 47 828 адам коронавирус инфекциясынан емделуде. Сондай-ақ коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаны 7,2 млн адам алған, оның ішінде бірінші компонент — 4 705 675 адам, II компонентпен 2 597 505 вакцина салдырған. Бұл халықтың 47%-ын құрайды. Тәулік сайын республика



бойынша орта есеппен 80-100 мың адам егіледі. Егу пункттерінде вакцина жеткілікті.

«Вирустар барлық тіршілік иелері сияқты өмір бойы мутацияға ұшырайды. Вирустың мутациясы бірнеше апта немесе айлар ішінде көптеген вирус пен сезімтал адамдарға байланысты тез жүреді. Кейбір мутациялар вирусты тұрақсыз және осал етеді, ал кейбір мутациялар вирустың жұқпалығын арттырады. Мутацияның алдын алып, вирустың таралуын тоқтату үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек.

Вирустың таралуын төмендетудің тиімді шарасы — вакцинация» деп атап өтті денсаулық сақтау магистрі, ДСМ «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы» ҚДСҰО филиалы директоры орынбасарының міндетін атқарушы Манар Смағұл.

Профилактикалық медицина академиясының президенті Алмаз Шарманның айтуынша, вирус вакцина алмаған бір адамнан екіншісіне берілгенде мутацияға ұшырауы кәдік. Егер адамдар вакцина

алмаса, мутациялық процесс еш кедергісіз жалғаса беруі ықтимал.

ВАКЦИНАЦИЯҒА ЕЛ НЕГЕ СЕНБЕЙДІ?

Қазіргі жағдай қалай? Коронавирус індеті таралу қаупінің ушығуына байланысты еліміздің бірқатар қалалары «қызыл аймаққа» енген. Олардың қатарында Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларымен бірге, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Маңғыстау және Павлодар облыстары бар. Дегенмен індет жағдайы қаншалықты ушығып бара жатса да, COVID-19-ға қарсы вакцинаға елдің сенімі біркелкі емес, көпшілігінің көңілінде күдік басым. Осыған орай Оралда, Маңғыстау өңірінде міндетті вакцинацияға қарсы наразылықтар болып өтті. Мұндай қарсылықты көңіл күйі басқада өңірлерде жиі байқалады.

Наразылық тудырушылардың басты уәжі — вакцина клиникалық сынақ мерзімінен өткен жоқ, оның кері әсері болуы мүмкін деген уәждер жиі айтылып жүр. Бірақ бір шындықты ескерген жөн, кез келген вакцина экстремаль жағдайда жасалады, ал енді оның клиникалық сынақ мерзімінен өтуін күтіп жүретін болсақ, вирус мутацияланып, ел ішін кесел әбден жайлап кетуі мүмкін.

Ел ішінде вакцинацияға қатысты түрлі қорқынышты әңгімелер айтылып жүргенімен, Алмаз Шарман COVID-19 вакцинасының әсерінен адамның өліп кетуі оқиғасы болмағанын айтады.

— Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласында індеттен қайтыс болған пациенттердің ешқайсысы коронавирусқа қарсы вакцина алмаған. Сондай-ақ егілуден кейін жағдайы күрт нашарлап кеткен адамдар да болған жоқ, — дейді ол.

Оның айтуынша, коронавирусты емдемесе ол өзінің ешқандай жоғалып кетпейді, оны жеңудің жалғыз жолы — вакцинация.

Мына жайтты да ескерген жөн. Адамзат тарихында барлық індеттер тек вакцина арқылы тоқтатылған. Сол арқылы тұтас ауылдар мен қалаларды жалмаған оба, шешек сияқты кеселдер жойылды. Сондай-ақ осыдан екі жыл бұрын вакцина жасалмай тұрғанда індеттің нағыз ушығып кеткен кезі мен қазіргі жағдайды салыстыруға келмейтінін, басқа болмаса да дәрігер мамандар жақсы біледі. Сол уақыттар КВИ-дің кеселінен өзіміз де талай таныс-туыстан айырылып қалдық емес пе? Былтыр COVID-19-ға негізінен кәрі адамдар ұшыраса, енді індеттің сипаты өзгерген, ол жас талғамай жұғатын болды.

Түйін:

Ашық дереккөздердің соңғы мәліметіне сүйенсек, әлемді дүрліктірген атың өшкір вирусқа жер бетінде 189 294 541 адам шалдығып, оның 172 866 027-ы жазылып шыққан, 4 076 732-ы қайтыс болған. «Қара тізімнің» басында АҚШ тұр, Ресей — бірінші бестікте, Қытай алғашқы ондықтың қатарында жоқ, Қазақстан осы тізімнің 44-сатысында орналасқан.



Халық Қаһармандары



Қаһармандық – қазақ қанына сіңген қасиет. Есте жоқ ескі заманнан бері бабаларымыз ержүрек, қайсарлығымен танылған. Олардың көзсіз, сөзсіз ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, ақиқатпен астасқан аңыз. Тәуелсіздік таңы тудырған «Халық Қаһармандары» атағы да аз емес. Ендеше бейбіт күннің батырлары кімдер?

Саятхан САТЫЛҒАН

Жалпы, «Халық Қаһарманы» атағы елімізде 1993 жылдан бастап беріле бастады. Бұл атаққа ие болғандарға айрықша белгі – «Алтын жұлдыз» бен «Отан» ордені қоса тапсырылады. Алғашқы жылдары «Халық Қаһарманы» Отан үшін от кешкендер атанса, кейіннен Қазақ елінің Қарулы Күштерін қалыптастыру жолында еңбек еткен әскерилер, ғылым, өнер, медицина саласындағы айрықша қолтаңбасы бар адамдар бұл атаққа ие бола бастады.

Отан үшін жалаң төсін оққа тосқан батырларымыздың тізімін атақты партизан Қасым Қайсенов бастап тұр. Оған «Халық Қаһарманы» атағы 1995 жылғы 24 сәуірде берілді. Ал 1998 жылы бұл атақ халқымыздың тағы бір батыр перзенті Бақтығалиев Бейсекбаевқа, 1999 жылы Екінші дүниежүзілік соғыста алғашқы болып Рейхстагқа ту тіккен қазақ Рақымжан Қошқарбаевқа жазылды. Қазақтың майдангер қыздары арасынан мәртебелі атаққа Ұлы Отан соғысына қатысқан жалғыз ұшқыш қазақ қызы Хируз Доспанова 2004 жылы ие болды.

Соғыс кезінде ерекше ерлік көрсетсе де Кеңес Одағының Ба-

тыры атағын ала алмаған бірнеше майдангерлер де «Халық Қаһарманы» атағына кейін қол жеткізді. Олардың қатарында Алексей Кулаковты Ұлы Отан соғысы аяқталғанына 50 жыл толған мерейтойда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Алматы қаласына шақырып, арнайы орденді тапсырды. Атақты №316 гвардиялық Панфиловшылар дивизиясының құрамында Мәскеуді қорғаған, Беларусьті, Балтық жағалауы елдерін, Шығыс Пруссияны, Польшаны, Чехословакияны, Венгрияны азат етуге қатысқан, елге оралып қарапайым мұғалім болып қызмет еткен Мурдин Таипов та

«Халық Қаһарманы» атағын 1995 жылы алды. Александр Капорин де Кулаков пен Таипов сияқты соғыс басталғанда Қызыл Армия қатарына алынады. Донецк өзенінен өткенде ерекше ерлігімен көзге түсіп, «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады. Украинаны, Румынаны, Польшаны азат етуге қатысқан. Соғыстан кейін туған жерінде абыройлы еңбек еткен майдангер «Халық Қаһарманы» атағын 2005 жылы Жәнісін 60 жылдығы қарсаңында алды. Осы жылы Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы, I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденінің иегері, I топтағы мүгедек Мәулен Қалмырзаевқа да «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Ол елге оралғаны да талмай еңбек еткен, Шу өзеніне көпір салынуына мұрындық болған ардагер. Осы мәртебелі атақты алғаннан кейін ардагер бір айдан соң өмірден өтті.

Еліміздің қорғаныс саласында «Халық Қаһарманы» атағы ең алғаш 1994 жылғы 23 мамырда армия генералы, Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовке Қазақ елінің Қарулы Күштерін қалыптастыру жолындағы еңбегі үшін берілген. Ал армия генералы Мұхтар Алтынбаев «Халық Қаһарманы» атағына 2006 жылғы 6 мамырда қол жеткізді. Генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев болса, Ауған соғысында көрсеткен ерлігі үшін 2008 жылы «Халық Қаһарманы» орденін кеудесіне тақты.

Еліміздің ғарыш саласындағы қаһармандарының көшін Қазақстанның тұңғыш ғарышкері, сы-

накшы-ұшқыш, генерал-майор Токтар Әубәкіров бастап тұр. Оған 1995 жылы «Халық Қаһарманы» төсбелгісі берілді. Ғарышкер, генерал-майор Талғат Мұсабаев аталмыш атаққа 1995 жылы ие болды. Ресей азаматы Юрий Маленченко 1994 жылы Талғат Мұсабаевпен бірге алғаш рет «Союз ТМ-19» кемесінің командирі ретінде ұшып, 125 тәулік 22 сағат 53 минут 36 секунд өмірін ғарышта өткізген. Осыған байланысты ол 1995 жылы Қазақстанның «Халық Қаһарманы» атағымен құрметтелді. Ал қазақтан шыққан үшінші ғарышкер Айдын Айымбетовке бұл атақ 2015 жылы табысталды.

Бейбіт күннің батырларына келсек, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің құрбаны болған Қайрат Рысқұлбековке «Халық Қаһарманы» атағы 1996 жылғы 9 желтоқсанда берілді. Алматы облысы Қаратау ауданы Үштөбе қаласы Абылай хан көшесінде тұрғын үйде шыққан өрт кезінде 3 баланы анасымен ажал аузынан аман алып шыққан Азамат Жұмаділов ерлігі үшін бұл атаққа 2007 жылы ие болды.

2011 жылы Тараз қаласында лаңкесті құрықтау барысында қаһармандықпен қаза тапқан Ғазиз Байтасовқа сол жылы «Халық Қаһарманы» атағы жазылды. Сондай-ақ 2016 жылы әскери борышын атқару үстінде көрсеткен ерлігі үшін Fokker-100 әуекемесінің командирі Дмитрий Родин мен Ұлттық ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығының штаб бастығы, 6505 әскери бөлімі командирінің бірінші орынбасары Қайрат Үмбетов «Халық Қаһарманы» атанды.

Ғылым, медицина, өнер саласында да қаһармандар баршылық. Еліміздің ғылым көшін өрге сүйреген Мемлекеттік сыйлықтың

лауреаты, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, металлург ғалым Ахат Күленовке Қазақстанның «Халық Қаһарманы» атағы 1994 жылы берілсе, қазақтан шыққан тұңғыш энергетик ғалым Шапық Шөкин 1996 жылы алды.

1995 жылы медицина ғылымының дамуына үлес қосқаны үшін академик Мұхтар Әлиев «Халық Қаһарманы» атағымен құрметтелсе, «Халық Қаһарманы» атағына ие болған Қазақстандағы жалғыз өңші – Роза Бағланова. Халықтың сүйікті өңшісіне бұл атақ 1996 жылы табысталды. 1998 жылы қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, домбырашы Нұрғиса Тілендиев пен Қазақстанның халық әртісі, режиссер, қоғам қайраткері Әзірбайжан Мәмбетовке аталмыш атақ қазақ мәдениетінің дамуына қосқан үлесі үшін берілді.

Ал 1994 жылы Қарағанды ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу совхозының директоры Александр Христенко, 1995 жылы Қазақстан еңбегі сінген құрылысшысы Аким Атмачиди «Халық Қаһарманы» атағымен марапатталды.

Міне, бұл – тәуелсіздік таңының «Халық Қаһармандары». Ал тәуелсіз Қазақстанды орнатудағы тарихи үлесі, экономикалық және әлеуметтік дамуындағы, қоғамды топтастырудағы аса үздік еңбегі үшін Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа «Халық Қаһарманы» атағы 2019 жылы берілді.

Әрине, өмір көші бір орында тоқтап қалмайды. Ел бар да, ел үшін туған ерлер табылары хақ. Сондықтан қазақ топырағынан әлі талай «Халық Қаһармандары» шығатынына бек сенімдіміз.

Жамбыл облысы

2005 жыл: ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ НЫҒАЯ ТҮСТІ

2005 жыл – батыстың да, шығыстың да емес, қазақтың дербес даму жолын ұстанған ел тәуелсіздігінің 14-белесі. Осы уақыт ішінде әлем тағдырын да, егемен еліміздің тағдырын да айқындаған талай айшықты оқиғалар болып өтті. Біз аталған шолуда осы кезеңде ел өмірінде қандай маңызды өзгерістер мен құбылыстардың орын алғанын өңгімелеп көрмекпіз.

Дәулет АСАУ

«АУЫЛ ЖЫЛЫ» АЯҚТАЛДЫ

Ауыл – қазақ құтты мекені. Өмір ауанымен көпшілігіміз қалаға кеткенмен, көңіліміз әлі де ауыл жаққа алаңдаулы. Біздің осы ахуалымызды «қалаға адам көшкенмен, жүректен ауыл көшпейді» деген белгілі өлең жолдары анық айқындап тұр. Қазір Қазақстан халқының 40 пайызы ауылдық жерде өмір сүріп жатыр. Сондықтан ауыл мәселесі – мемлекеттің экономикалық саясатының басты бір бөлігі болып қала бермек.

2005 жылы мемлекеттің аграрлық өндірістің реформаларды жүйелеу, ауыл экономикасын арттыруға және әлеуметтік болмысын жаңғыртуға бағытталған 3 жылдық «Ауыл жылы» бағдарламасы аяқталды. Осы бағдарлама аясында ауыл шаруашылығы мен оған байланысты салаларды бюджеттен қаржыландыру айтарлықтай артты. Мәселен, 2003 жылы ауылды қолдау мақсатында мемлекет қазынасынан 40 млрд теңге бөлініп, оның 30 миллиарды аграрлық секторды дамытуға, 10 миллиарды әлеуметтік мәселені шешуге бағытталды. Соның арқасында көптеген жергілікті жердегі білім беру, денсаулық сақтау, ауызсумен жабдықтау сияқты өзекті проблема шешімін тапты. 2004 жылы ауыл шаруашылығын дамытуға республикалық бюджеттен – 50 млрд теңге, 2005 жылы 55 млрд теңге жұмсалды. Нәтижесінде, кейінгі жылдары ауыл шаруашылығында өндірілетін өнімнің көлемі 2002 жылмен салыстырғанда 1,5 есе, инвестиция көлемі 3 есе өсті.

Үш жылдықтың бағдарламасы ауылдарды дамытуға үлкен серпін берді. Осы жылдары қабылданған ауқымды іс-шаралардың нәтижесінде ауыл шаруашылығындағы тауар айналымы 4 есе ұлғайып, ол 4 млрд доллардан асты.

ЕЛОРДАНЫҢ ӘУЕ ҚАҚПАСЫ АШЫЛДЫ

2005 жылғы 2 ақпан күні Астана әуежайының жаңа халықаралық терминалы ашылды. Қазір аталған халықаралық әуе қақпасы Еуропа, Таяу және Қыыр Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия өңірлерінің әуе қатынастарын тоғыстыратын басты орталыққа айналды.

Елбасы Н.Назарбаев жана терминалдың ашылу салтанатында: «Тағы бір

тарихи жағдайды атап өтейік деп отырмыз. Астана қаласының жаңа әуежайының терминалы іске қосылды. Әр уақытта әуежай, теміржол елге кіретін, ең алғаш аттап өтетін табалдырық болып табылады. Сондықтан ол табалдырық жайлы болуы тиіс», – деді Президент.

Есігін айқара ашқан халықаралық аэровокзал кешенінің ішкі пішіні шаңырақ формасында кескінделіп, төңірегі қазақтың қосқармүйіз оюларымен өрнектелген. Жаңа жолаушылар терминалының ғимараты бес деңгейден тұрады. Жалпы аумағы 20 мың шаршы метрден асады. Биіктігі – 34 метр. Кешен 6 телескопиялық сатымен жаракталған. Мұнда барлық ұшақ түрлерін қабылдай алатын халықаралық желінің жаңа перроны іске қосылған. Аэровокзал сол уақытта бір мезгілде 750 жолаушыны қабылдай алады.

«ЖАС ҚАНАТ» ҚАНАТ ҚАҚТЫ

15-17 сәуір аралығында жас орындаушылардың «Жас қанат» XIV республикалық конкурсы ұйымдастырылды. Жас таланттардың бағын ашып, үлкен өнерге жолдама беретін осы айтулы шараға 2005 жылы музыкалық білімі бар, түрлі конкурстың лауреаты атанған 13 үміткер қатысты. Жас әншілердің байқауы 1991 жылдан бастап өткізіліп келеді. Байқауда 30 жасқа дейінгі өнерпаз бақ сынайды. «Жас қанаттан» бүгінге дейін қазіргі қазақ эстрадасының танымал өкілдеріне айналған талай өнерпаздар қанат қағып шықты. Соның бірі – Димаш Құдайберген. Ал оның есімін жазат халқы түглі, бүкіл әлемге таныстырып қазақтың өзі артық болар.

«НҰР АСТАНА» – ИМАН ОРДАСЫ

Осы жылы өз-Наурыз мерекесі қарсаңында Есіл өзенінің сол жағалауында бір еңселі ғимарат – Орталық мешіт пайдалануға берілді. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының шешімімен ғибадатханаға «Нұр Астана орталық мешіті» деген атау берілді.

Мешіттің ішкі әрлендіру жұмыстарына отандық сәулетшілер мен дизайнерлер атсалысып, жазулар ислам каллиграфиясы мен араб графикасына сәйкес өрнектелген. Безендіру және көркемдеу жұмыстарының авторы Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Ғазиз Ешкенов. оның күмбездерін көтеріп тұрған құшақ жетпес үлкен сегіз ұстын мен қабырғаларын, сәжде еткенде құбылаға бас қоятын михрабын нақыш-



тауда қазақтың ұлттық ою-өрнектері пайдаланылған.

5 000 адам сыятын сәулет туындысы ливандық шебер Чарльз Хазифтің жобасы бойынша салынды, құрылыстың бас мердігері – Түркияның «Пасинер» компаниясы. Мешіттің бас күмбезінің биіктігі – 43 метр. Ғимарат барлығы 3 930 шаршы метр аумақты алып жатыр.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мешітке 1994 жылы Сауд Арабиясына барған алғашқы сапарында Король Фаһд бин Әбдел Әзиз ерекше құрметінің белгісі ретінде берген қасиетті мұбарак қағбанын киімі – қисуаның бір бөлігін және Меккеде басылған Құран Кәрімді сыйға тартты.

ӘЛЕМ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙЫ

29 қыркүйекте әлем қазақтарының III дүниежүзілік құрылтайы салтанатты түрде ашылды. Оған 32 елден 300-ден аса делегат келді. Құрылтайда ұлт өмірін жан-жақты зерттеп, жер-жердегі қандастарымыздың әлеуметтік-экономика, мәдени, рухани тыныс-тіршілігіндегі мәселелерді көтеріліп, оны шешу міндеттері жүктелді. Бұл жолғы құрылтайда қаралған мәселе бұрынғыларынан аз емес. Соның бірі – Қазақстанды латын әліпбиіне көшіру мәселесі көтерілді.

Мәселен, бүгінде 5 миллион қандасымыз тарихи Отанынан шет жерде жүр, осыған байланысты олардың ортақ әліпбиі жок. Сол себепті Қазақстанның латын әліпбиіне көшуі тұтас қазақ ұлтына ортақ жазу тілін қалыптастыратын болады. Айта кетейік, тәуелсіздік алғаннан бері 2005 жылға дейін Қазақстанға сырттағы 600 мың қазақ оралған.

– Біреулер латынға көшпеге болмайды, бұл түркі әлемінің бірден-бір жолы. Бүкіл әлем түбінде соған көшуі мүмкін дейді. Біреулер латынға көшсек, қазақ фонетикасына тән дыбыстардан айырыла-

мыз, кириллицада жарық көрген жүздеген кітапта жинақталған білімнен қол үземіз дейді. Екі пікірдің де жаны бар. Сондықтан ғалымдар асықпай зерделеп бір топтамаға келуі тиіс», – деді Елбасы Н.Назарбаев осы құрылтайда сөйлеген сөзінде.

АРАЛДЫ ҚҰТҚАРУ АМАЛЫ

2005 жылы Аралды қалпына келтіру жұмыстары басталды. Естеріңізде болса, 80-жылдардың соңында суы қайтқан Арал теңізі екіге бөлініп, Үлкен Арал, Кіші Арал деп аталды. Үлкен Аралды сақтап қалу үшін сәтті түспеді, тұзы көтеріліп, құмы суырылып, орны шөлге айналып кеткен еді. Теңіз түбін құрғауы қоршаған ортаны экологиялық апатқа ұшыратып, өңір тұрғындарының денсаулығына зор залал келтірді, мыңдаған балықшыларды кәсібінен айырды.

Жаңа ғасырдың басында Сырдария өзенінің суағарын реттеу және Аралдың солтүстік бөлігін сақтау жөніндегі жоба ұсынылды. Оның басты түйіні – теңіздің солтүстік бөлігін оның құрып бара жатқан басқа бөлігінен бөліп тастайтын, 30 шақырымға созылған Кокарал бөгетін салу. Бұл жобаға Бүкіләлемдік банк 64 миллион доллар бөлді, ал 21 миллион доллар республикалық бюджеттен алынды. 2005 жылдың тамызында бөгет салынып бітті. Келесі жылы-ақ Кіші Арал жобада белгіленген межеге дейін толды.

Теңіз суы оның құрғақ түбін 870 шаршы шақырыммен жапты, бұл Арал маңындағы экологиялық ахуалды жақсартта түсті. Судың минералдануы айтарлықтай азайды, ондағы балық қорын қайта қалпына келтіру үшін бұл өте маңызды еді. Сол кезде басталған өнеркәсіптік негізде балық аулау көлемі біртіндеп арта бастады.

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ

Елбасының бастамасы бойынша базалық зейнетақы төлемдері енгізілді. Бұл зейнет жасына жеткен барлық қазақстандықтар үшін зейнетақымен

қамсыздандырудың бірінші кепілдендірілген деңгейі болды. Екінші деңгей – зейнетақы қорларынан алынатын төлемдер, сондай-ақ 1998 жылға дейін қызмет өтілі бар адамдарға бюджеттен берілетін зейнетақылар. Үшінші деңгей – ерікті жеке және қосбөлі зейнетақы аударымынан тұрады. Республиканың зейнетақы жүйесі базалық, міндетті және ерікті деңгейден тұратын көпдеңгейлі жүйеде жұмыс істеді.

Зейнетақының ең төменгі мөлшері жұмыс өтілі мен жалақының көлемін есептемегенде 9 200 теңге болды. Зейнеткерлер орташа есеппен 12 000 теңге алды. Студенттердің шөкіртқақысы, бюджеттік саланың жалақысы өсті.

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ

2005 жылғы 4 желтоқсанда өткен Президент сайлауы – XXI ғасыр басындағы Қазақстанның ішкі саяси өмірінің аса маңызды оқиғасы. Бұл – үшінші бүкілхалықтық сайлау. Сайлау тізімдеріне тіркелген 8,8 миллион сайлаушының шамамен 6,8 миллионы дауыс беруге қатысты. Олардың ішінде іс басындағы Президентке дауыс берген саны – 6,1 миллион адам (91,2 пайыз).

«Бүгін ел тарихында өте бір елеулі кезең: Қазақстан халқы өзінің конституциялық құқығын пайдаланып, өз Президентін сайлады. Қазір дүниежүзінің барлық ақпарат құралдары «Назарбаев жеңді!» деп хабар таратып жатқанын білесіздер. Бірақ мен бұл жеңіс халықтыкі екенін айтар едім. Қазақстан халқы тәуелсіздігіміздің болашағы үшін, ел бірлігі үшін, мемлекетіміз ішіндегі тыныштық үшін бірауызды бола алатынын осылайша танытты. Екіншіден, мұны тәуелсіздігіміздің 14 жылындағы менің істеген қызметімді халықтың мақұлдауы деп бағалауға болады. Үшіншіден, жария еткен бағдарламаларымды алдағы 7 жыл ішінде жүзеге асыруға елім маған осылайша мандат беріп отыр», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мұсылман қауымының ортақ қайғысы

Ғалым, ұстаз, дін қайраткері, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасын 10 жылдан астам басқарған Әбсаттар қажы Дербісәлінің қазасы – барша мұсылман қауымының ортақ қайғысы. Өзінің, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының ұжымы, еліміздегі барша мұсылман жамағаты атынан марқұмның отбасына, туған-туыстарына, қазақ халқына қайғыра көңіл айтамын. Алла алдынан жарылқасын. Иманы саламат болғай.

Ғұмырын ғылым мен білімге, діни ағарту саласына арнаған Әбсаттар қажы Бағысбайұлы мұфтияттың оқу-ағарту саласын жана деңгейге көтерді. Оның қаламынан туған ғылыми еңбектер мен ғибадатты шығармалар өз оқырмандарын ізгілік пен ізденіске, имандылық пен адамгершілікке үндей беретіні сөзсіз.

Әбсаттар қажы Дербісәлі Бас мұфти болған жылдары жауапты жұмысқа деген ұқыптылығымен, іс-қағаздарды жүргізу барысында тиынақтылығымен, басқару ісінде ақыл-ой басы қасиетімен, адамдармен тіл табысуда зиялы болмысымен, ғылыми ізденісте табандылығымен т.б. үлгі болар сипаттарымен есте қалды.

Ол кісі ғылыми саладан діни салаға ауысып келген соң білім мен

ғылымға көп көңіл бөлді. Әсіресе, Нур-Мұбарак университетінің қалыптасуы мен дамуына көп еңбек сіңірді. Шәкірттерге дәріс оқып, олардың ғылыммен айналысуына ден қойып, құштарлығын оятады.

Әбсаттар қажы Дербісәлі Бас мұфти болып қызмет атқарған жылдары елімізде бірқатар зәулім мешіттер мен медреселер ашылды. Жаңадан ашылған медреселердің қолданыстағы заң талаптарына сай жұмыс істеуіне, білім саласында қалыптасқан тәртіп бойынша қызмет атқаруына мән беретін.

Ол елімізге белгілі марқұм Сұлтан Сартайұлы, Өмірзақ Айтбайұлы сынды зиялы қауым өкілдерімен, Мұрат Жұрынов, Асанәлі Әшімов, Тұңғышбай Жаманқұлов секілді ғалымдармен, танымал тұлғалармен тығыз қарым-қатынас ор-



натып, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы жанынан ақылдастар алқасын құрды. Ақылдастар алқасы қоғамда дінге қатысты пайда болған мәселелерге қатысты дер кезінде пікір білдіріп, тиісті мәлімдемелер жариялап отырды.

Әбсаттар қажы Дербісәлі қоғам, зиялы қауым мен мұсылман жамағаты арасында алтын көпір бола білді.

Әбсаттар қажы Дербісәлінің үлгі тұтар қасиеттерінің бірі – қызметке қабылданатын имамдармен

алдын ала кездесіп, оларға ақыл-көнесі мен насихатын айтатын. Елімізде 3 мыңға жуық мешіт болса, сол ғибадатханаларға жаңадан тағайындалған дін қызметкерлерінің әрқайсысымен сұхбат құрастырып, Ақсақалдық ақылын айтып, діни салада қызмет ету үлкен жауапкершілікті талап ететінін тәптіштіп түсіндіретін. Содан кейін ғана жаңа имамның қолына тағайындау туралы бұйрықты ұстатады. Бас мұфтидің жеке қабылдауында болып, оның насихатын тындап, сұхбаттасып шыққан дін қызметкері ерекше құлшыныспен, жауапкершілікті сезінген күйде аманаты жоғары жұмысқа кірісетін.

Мотивация беру – кез келген басшының қолынан келе бермейтін іс. Әбсаттар қажы Дербісәлі шалғай ауылға жас имамды тағайындаса да оған ерекше мотивация беретін. «Сен ауылға имам болып тағайындалған соң сол өңірдің рухани басшысы болуың керек. Ол үшін адам тұлға деңгейіне жетуі тиіс. Тұлға болу оңай емес. Біз жақсы мінезімізбен, терен білімімізбен халықтың

алғысы мен ықыласына бөленеміз. Сондықтан сауатты, білімді, жан-жақты болуымыз қажет. Сонда ғана халық сыйлайды» деген сөзі дін қызметкеріне жігер беретін.

Ғылыми диссертация қорғаған сәтінде Әбсаттар аға қолдау көрсетіп, ізгі тілегін білдірді. Бас мұфти болған кезімде батасын беріп, жаңа қызметіме сәттілік тілеп: «Нағыз жұмыс істейтін сәттерін. Қуат-күштеріңді асыл дініміздің насихатына, халқымыздың игілігі мен бірлігін нығайтуға жұмсаңдар. Діни салада көп жылдар бойы жинақтаған тәжірибең бар. Енді соны Діни басқарма жұмысының жандануына сарп ету керек. Алла абырой берсін. Тек сәттілік тілеймін», – деп бата-тілегін білдірген болатын.

Мұндайда ол кісі туралы өткен шақпен естелік айту ауыр. Алла Тағала қадірлі ағамызды панасына алғай. «Достан – дұға» дегендей, ендігі ісіміз – марқұмға Алладан жарылық тілеу, Құран бағыштау. Жаның жәннатта болсын, Хазірет!

Наурызбай қажы ТАҒАҒАҒҰЛЫ,
Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мұфти

Жамау-жамау жолдар...

Жол сапасы туралы сын бүгін айтылып жүрген жоқ. Алпысыншы жылдардан соң жөндеу көрмеген жолдардан бөлек, жыл сайын жасалатын асфальтталған көшелердің ай сайын тесіліп жататыны көрер көзге сүйел. Бірақ «баяғы жартас – бір жартас». Тас-жолға жауапты министрлік пен әкімдіктердің есебіне сүйенсек, елдегі жолдардың сапасы жоғары. Ал көлік тізгіндеген тұрғындардың айтары басқа. Неге?

Жадыра МҮСІЛІМ

Жуырда Парламент Мәжілісінің депутаты Шәміл Осин жол сапасының нашарлығына қатысты депутаттық сауал жолдап, жыл сайын мемлекеттік бюджеттен автожолдарды жөндеуге және салуға қомақты қаржы бөлінгенімен республикалық жолдардың тозығы жеткенін айтты. Бөлінген қаржының қайда кететінін қайдам, айтуынша, аймақтардағы жолдарды пайдалануға қаржыландырудың жеткіліксіздігі мен жергілікті деңгейдегі мердігердің кепілдігі екі есе қысқа. Үшіншіден, ірі республикалық және шағын жергілікті нысандардағы мердігерлік ұйымдарды жабықтау деңгейі де сын көтермейді. Бұдан бөлек, жол жасаушылар жана стандартқа сәйкес келмейтін арзан материалдармен жұмыс істейді. Көлік санының ұлғаюына байланысты жолдарға түсетін салмақ бірнеше есе өсті, ал жол конструкциясының негізгі материалдары – битум, қиыршық тас және топырақтың сапасы өткен ғасырдың деңгейінде қалып қойған көрінеді.

Әкімдердің есебіне халықтың әбден мезі болғанын Мемлекет басшысы да біледі. Өткен жолы барлық өңірде бюджет қаражатының жұмсалыуына, көлік магистральдарын салу мен жөндеу сапасына бақылау қатаңдатылатынын айтқан Президент бұл мәселені жеке бақылаушы алаңын жеткізді. Жыл сайын жөндеу жол сапасы әлі сол қалпында. Сапасыз жұмыстың салдарынан мемлекеттік қаражат тиімсіз жұмсалып жатыр. Осылай деген Мемлекет басшысы Үкіметке, әкімдерге және құқық қорғау органдарына жағдайды түзету үшін жүйелі шаралар қабылдап, олар туралы есеп беруді тапсырды. Тіпті, саладағы бақылаудың әлсірегенін үшін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің төрағасын, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстары әкімдерінің орынбасарларын қызметінен босатты.

Алайда салаға жауапты мамандар жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының 71%-ы қанағаттанарлық жағдайда екенін айтудан жалыққан емес. Мемлекеттік бағдарлама аясында 2015-2020 жылдар аралығында 13 мың шақырым автожол және 15 мың км жергілікті маңызы бар жол салынып, реконструкцияланды. Өткен жылы 2,6 мың шақырым жол пайдалануға



берілсе, биыл 1,2 мың шақырым жол бітеді деп жоспарланған. 2020-2021 жылдар аралығында облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын дамытуды қаржыландыруға республикалық және жергілікті бюджеттерден шамамен 1 трлн теңге бөлінген.

Осыдан үш ай бұрын Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов ең нашар автомобиль жолдары бар аймақтардың тізімін жариялаған болатын. Олардың қатарына Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе және Алматы облыстары кірген. Жолдарды салуға және жөндеуге бөлінген қаражат көлемі мен автожолдардың сапасын жекелеген өңірлердегі жұрттың көзімен сараптап көрейік.

Алматы облысындағы автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және көлік инфрақұрылымын дамытуға биылтыр 26 854 324 000 теңге бөлінді. Бұл қаржының барлығы Алматы облысының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына тиесілі. Сонымен қатар құжатқа сәйкес, автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 6 203 188 000 теңге, ал облыстық маңызы бар автомобиль жолдары мен елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге бақандай 13 728 758 000 теңге бөлінді. Биыл осындай қажеттіліктерге 16 942 525 000 теңге бөлінді. Ал өңірде автомобиль жолдарының жұмыс істеуіне 6 635 167 000 теңге, ал орташа жөндеуге 7 243 435 теңге жұмсалған. Екі жыл бұрын өңірде автомобиль жолдарын күтіп ұстауға және жөндеуге 6 058 478 000 теңге жұмсалған. Демек, мемлекет аймақтың инфрақұрылымын қамтамасыз етуге жыл сайын айтарлықтай қаржы қосып отыр. Бұдан басқа, мемлекеттік сатып алу сайтында кәзір автомобиль жолдарын салу мен жөндеуге кемінде ондаған тендер жарияланды. Олардың ішіндегі ең ірісі – Алматы–Өскемен–Лепсі–Ақтоғай автомобиль жолын қайта жаңартуға 13 584 875 424 теңге қарастырылыпты. Екіншісі – Алматы облысы Карасай

ауданы Саин көшесінің құрылысы. Оған 6 958 499 112 теңге бөлінген. Қарастырылған қыруар қаржының қызығын халықтың өзінен сұрап көрген едік. Алматы мен Алматы облысы арасында күн сайын жолаушы тасымалдайтын Қуаныш Көпектен бастап Нарынқолға дейін ойқы-шойқы жолдардан әбден жүйкесі тозғанын айтады. «Кеген асуынан өту үшін адамдар шыбын жанын шүберекке түйіп отыруға мәжбүр. Ал Жаланапштың бұрылысынан Алғабас ауылына апаратын жолдан өткенше көліктің сау тамтығы қалмайды. Ауыл ішіндегі жөндеу көрмеген жолды айтсаң, жағанды ұстайсың. Жақында ғана Алғабас ауылына бұрылатын жерден бастап жөндеу жұмыстары жүреді деген. Сөйтсек, жөндегені сол, қазған жерлерін жамап кеткен. Жыл сайынғы жағдай сол, жамалған жолдары көктем шығысымен қайта тесіледі», – дейді Қуаныш. Өткен ғасырдан қалған тасжолда жиі жүретін Еркебұланнан да айтары осы. Жолдың сапасы сын көтермейтін жергілікті билікке бұған дейін де талай айтылғанымен, әзірге әкімдер берген есептен басқаны көрмей тұрмыз деп ашынады.

Алматы облысы Кеген ауданының «Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазбек Нұрғазының айтуына қарағанда, ауданның өзіндегі жолдар республикалық, облыстық және аудандық болып бөлінеді. Мәселен, Кеген асуы мен Жаланапш–Саты–Көлсай республикалық жолға жатса, Алғабас–Жіңішке жолы – облыстық маңызы бар жол. Алғабас ауылының көше жолдарын жасау ауылдық әкімдіктің жолға сметалық құжаттама жасауға ауданнан қаражат бөлінеді. Қазір ауылдың ішкі жолдары бойынша сметалық құжат дайын. Судың жұмыстары біткен күні жолды жөндеуге кірісеміз. Осы 33 шақырымдық Алғабас–Жіңішке жолының 18 шақырымын жөндеу үшін былытыр ЖСҚ жасалынды. Бірақ биыл бюджеттен қаражат бөлінбеген. Оның себебін өзім де білмеймін. Ауызсу жұмыстары

бітсе, жолдарға қаражатты тағы сұраймыз. 2018 жылы аудандағы жолдарды жөндеуге 106 миллион теңге бөлінген. Бірақ оның өзі жол күтімінен артылмайды. Күні бүгінге дейін аудандық маңызы бар 340 шақырым жолдың 160 шақырымын толық жөндеуден өткіздік. Ал жылда жамау көретін жолдардың көпке бармайтын себебі – біздегі жолдардың тозығы жеткен. Сондықтан жол қауіпсіздігін сақтау үшін жамалады. Сіз айттып отырған облыстық жолдан бөлек, тек қана аудандық жол күтіміне жыл сайын 20 миллион ақша жұмсалады. Бірақ ол талайдан бері жөндеу көрмеген жолдарды бітеуге, қар тазалауға жеткіліксіз. Ол соманы 12 елді мекенге шаққанда 1-1,5 миллион болады. Ауданымыздағы облыстық маңызы бар көшелерді жыл сайынғы жамауға облыстың өзі конкурс өткізеді. Кеген асуындағы Көпек–Кеген–Түп республикалық маңызы бар жолының 53-68 шақырым аралығына биыл орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Республикалық маңызы бар Жаланапш–Саты–Көлсай автокөлік жолының 19-21 шақырым аралығын жөндеу туралы ұсыныс осы жолдың теңгерім ұстаушысы ҚазАвтоЖол ҰК-ның Алматы облысы бойынша филиалына берілген. Қазір ұсыныс қаралып жатыр», – дейді Қазбек Дәулеткелдіұлы.

Былытыр жол сапасының нашарлығына қатысты Қаскелең тұрғындары да біраз шағымын айтты. Айтуларында, жолдардың нашарлығын жергілікті әкімдікке бірнеше рет айтқанымен, жауап берер ешкім жоқ. Іргелі ауылының тұрғындары болса, бұзылған жолдардың кесірінен барыс-келіс жасау қиындық туғызып отырғаны жасирмайды.

Жетісу жеріндегі жергілікті билік жол сапасын 2025 жылға қарай 95%-ға жеткізуге уәде етеді. Алайда Алматы облысының Ескелді ауданына қарасты Матай Байысов ауылындағы орталық көшелердің өзі күрделі жөндеуден кейін 6 ай өтпей кедір-бұдырланған. Қыс басталарда қолданысқа берілген жолдар көктем шығысымен көңілдерін су сепкендей басады екен.

Атырау–Астрахан тасжолы да талайдан бері айтылып келе жатқан мәселе. Алпысыншы жылдан бері жөндеу көрмеген шұрық тесік жолда күн сайын бірнеше жол апаты болады. Тіпті, қазір тұрғындар тетрис ойынын ойнағысы келгендер болса, дәл осы тасжолда жүруге кеңес береді. Өйткені автожолда адреналин алуға мүмкіндік көп екен. «Мұнайлы өлкенің тұрғындары тасжолдарда тетрис ойнаудың шебері болып алған. Мұндай жолдар бізде ғана бар», – дейді атыраулық Есмұрат.

Ойқы-шойқы жол үшін жұмысынан айырылған атқаміндерлерден кейін жағдайдың оңаларын алдағы уақыт көрсетер. Десе де, жылда жыры бітпейтін жол сапасы бойынша 93-орынға жайғасқан елімізде қомақты қаражаттың сұрауы қатаңдатылмаса, қара жолдың бойындағы қаза тапқандардың санын азайтуы неғайбұл.



Жалған вакцинация паспорттын жасаған

Павлодар қаласында медицина қызметкерлері жалған вакцинация паспорттын жасады деген күдікке ілінді.

Павлодар облыстық Полиция департаментінің қызметкерлері ҚР ҰҚК Павлодар облысы бойынша департамент қызметкерлерімен бірлесіп жедел іздестіру шарасын өткізді.

Вакцина төлқұжатын қолдан жасады деген күдікке ілінген медицина қызметкерлері ұсталды. Емхананың менгерушісі, дәрігер

және екі мейірбике адамдарды белгілі бір сомаға вакцина алғандар туралы мәліметтер базасына тіркелді деген күдікке ілінді.

Тергеу барысында медицина қызметкерлері вакциналау туралы 200-ден астам жалған төлқұжат толтырғаны анықталды. Оқиғаның мән-жайы тергеуден соң белгілі болады.

Бұған дейін вакцинация паспорттын сатып алған тұрғынның жансақтау бөлімінде жатқанын жазған болатынбыз.

Н.БАҚЫТ

Air Astana 2021 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша оң нәтижелер туралы хабарлайды



2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Air Astana тобының кірісі (EBITDA*) 91,1 млн АҚШ долларын құрап, 2020 жылдың дәл осы кезеңіндегі 9,9 млн АҚШ доллар көлеміндегі шығынға қарағанда өсім көрсетті. Жолаушылар легі 91 пайызға артып, 2,97 млн адамға жетті. Оның 2,5 млн жолаушысы ішкі бағыттар бойынша тасымалданып, нарық 125 пайызға жетті.

Оң нәтижелер туралы Air Astana президенті Питер Фостер былай деді: «Air Astana мен FlyArystan екі бренді ішкі бағыттар бойынша өзін жақсы қырынан көрсетті. Нарықтың сенімді өсімі мен қазақстандықтардың теміржол тасымалына қарағанда әуетасымалын таңдау Қазақстанды әуетасымалының жедел өсіп жатқан ішкі нарығына айналдырды. Жолаушылар айналымы 2019 жылға қарағанда 31 пайызға өсті. Бұған FlyArystan-ның төмен бағадағы тарифі сеп болды». FlyArystan 2019 жылы мамырда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша жұмысын бастады.

2019 жылдағы көрсеткішке қарағанда халықаралық тасымал 45 пайызға орындалатынына қарамастан, Фостердің айтуынша: «нәтижелердің жақсаруына аймақтық бағыттардың табысының артуы, Мальдив аралдары, Қызыл теңіз, Черногория, Дубай, Түркия, Грузия мен Шри-Ланка сияқты курорттық бағыттарға сұраныстың артуы, сонымен қатар Boeing 767 жартылай жүк ұшағы орындалатын жүк чартерлері жақсы әсер етті».

Дегенмен Фостер екінші жартыжылдықтың нәтижелерін сақтықпен болжайды. «Қазақстанда және басқа да мемлекеттерде коронавирус инфекциясын жұқтыру деректері артып, Қалыпқа келудің тұрақтылығы COVID-тің жаңа штамдарының пайда болуы мен жаппай вакциналау нәтижелеріне орай өзгеруі мүмкін».

Air Astana – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (51%) мен BAE Systems (49%) ортақ мекемесі. Компаниялар тобының флотында Boeing, Airbus пен Embraer сынды 36 ұшақ бар. Оның ішінде 10 Airbus 320 әуе кемесіне FlyArystan қолданылады.

*EBITDA – жалдау төлемге, амортизацияға, тозуға, пайызға, салыққа дейінгі пайда.

ЗАМАНАУИ ҚҰЛДЫҚ: адам саудасы азаймады

(Басы 1-бетте)

Еркеғали БЕЙСЕН

Енді сол заңсыз миграция мәселесіне тоқталсақ, биыл Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия еліміздегі адам саудасы туралы арнайы баяндама жариялады. Ол құжатта елімізге былтыр кірген шетелдіктер туралы бірталай мәлімет атап көрсетілген. Мысалы, «Бүркіт» бірінші ақпараттық жүйесінің бағамдауына сәйкес, 2020 жылғы 9 айда Қазақстанға 1 миллион 915 мың шетелдік келіпті. Оның 90 пайызы – ТМД елдерінің азаматтары. Сондай-ақ Түркиядан – 35 мың, Қытайдан – 11 мың, Үндістаннан – 7,1 мың

құрылыс, ауыл шаруашылығы, сауда-саттық саласында жұмыс істеуге келіп, құлдық түсіп қалып жатқан ер-азаматтар баршылық. Демек, адам саудасы фактілерінің осылайша көші-қон үдерістерімен бірге дамитынын мониторинг жұмысы дәлелдеп отыр.

БІЗДЕГІ КӨЗЖҰМБАЙЛЫҚ АҚШ-қа ЖАҚПАДЫ

Елімізде адам саудасына қатысты қылмыстық жауапкершілік 2006 жылы іске қосылса, 2008 жылы БҰҰ Палерм жүйесіне қол қойды та, талап кішкене қатнай түсті. Дегенмен АҚШ Мемлекеттік департаменті 2019 жылғы есебінде Қазақстанды адам саудасымен күресте «бақылаудағы елдер» қатарына енгізіп, біздің

шектеу, гуманитарлық емес көмек түрлерін тоқтату, тағы басқа) қойылып немесе АҚШ бастаған кей елдердің санкциясы салынуы мүмкін. Сондықтан әзірге қалыптасқан жағдайды түзету және адам саудасының алдын алу мақсатында Қазақстанға 11 ұсыныс жолданды. Сол үшін жанталасып, адам саудасына қатысты жауапкершілікті күшейте бастадық. 2020 жылғы 1 қантардан бастап еліміздегі Қылмыстық заңнамаға енгізілген түзетулер заңды күшіне енді. Атап айтқанда, 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚК-нің 128-бабы 1-тармағында «Адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасау, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу мақсатында өзге де іс-

жыл қатарынан адам саудасымен күресте екінші деңгейдегі тізімде қалды.

ҚҰЛДЫҚ ҚАМЫТЫН ЖҰМЫССЫЗДАР КИЕДІ

Жоғарыдағы мысалдың бәрі қазақстандық құзырлы органдар бұл мәселеде қол қусырып қарап отыр дегенді білдірмейді, әрине. Айталық, 2019 жылы елімізде адам саудасына қатысты 141 қылмыстық іс қозғалса, оның 59-ы адам ағзасын сатуға қатысты болған. Бұл ретте ИМ 2017 жылдан бері адам ағзасын заңсыз саудасы және трансплантациясымен айналысқан трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтың әрекетін әшкереледі. Олар 2 жылда Украина, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы мемлекеттерінен донор тауып, олардың бүйрегін израильдік репиценттерге өткізіп отырған. Қылмыстық топ 57 заңсыз трансплантациялық ота жасап, шамамен 10 миллион доллар табыс тауыпты. Олардың бірі Словенияда қолға түсті. ИМ Тергеу департаменті сол трансұлттық топтың үстінен қозғалған тергеуді былтыр аяқтады. Ведомство мәліметінше, аталған құқықбұзушылық бойынша 133 іс тергеліп, 48 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Осы мәселеге қатысты пікір білдірген Мәжіліс депутаты Айқын Қоңыров бұл жағдайда мемлекеттің үнсіз қалмауы керектігін ескертті. «Ашық пен жариялық заңсыз скальпельге қарсы қаруға айналуы тиіс. Меніңше, ол туралы деректі немесе көркем фильм түсіру керек. Бұл құқық қорғау органдарының адам ағзасының трансплантациясы және саудасымен айналысатын халықаралық топтарға қарсы әректін көрсету үшін қажет. Бұлай болмаған жағдайда, бұл іс адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін заңсыз бизнеске айналып кетеді», – дейді ол.



Әрекеттер жасау – мүлкі тәркіленіп, 4 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза-ланады» деп жазылған. Бұрын жаза 3 жыл болатын. Ал адам саудасына қатысты топтық түрде жасалған қылмыс болған жағдайда қылмыскердің мүлкі тәркіленіп, 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Сондай-ақ «Кәмелеттік жасқа толмаған балаларды сату» деп аталатын 135-бап бұрынғыдан да қатаң жаза қолдануды қарастырады. Егер біреуге сатқан немесе сатып алған бала қайтыс болса, оның өліміне кінәлі адам 18 жылға қатаң тәртіптегі колонияға қамалады.

Дегенмен АҚШ Мемлекеттік департаментінің баяндамасында Қазақстанда жезөкшелік пен әйел саудасы өзекті мәселе екені және бұл іске жергілікті құқық қорғау органдары өкілдерінің «қамқорлық» көрсететіні нақтыланған. Өзіміздің үкіметтік емес ұйымдар да адам саудагерлері жауапкершіліктен жалтару үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне пара беретінін, тіпті кей полиция қызметкері мәжбүрлі еңбек пен жындылық қанаушылық қылмыстарына «қамқор» болатынын айтып, дабыл қағуда. Сондай-ақ адам саудасы құрбандарының айғақтарына қарамастан, кейбір қылмыстық істер «делелсіз» деп жабылып қалатын көрінеді. «Пара» демекші, 2017-2018 жылдары ішкі істер органдары мигранттардың 26 мыңнан астам жалған медициналық анықтама ұсынғанын әшкерелеген. «Мұндай жағдайда ішкі істер органдары мен денсаулық сақтау мекемелері қызметкерлерінің қатарындағы сыбайлас жемқорлық ықпал етуі мүмкін» делінген сондағы хабарламада.

Сөйтіп жүріп Қазақстан екінші



МҰНАЙ ЗАУЫТТАРЫН ЖӨНДЕУ

ақша жымқырудың жолы ма?

(Басы 1-бетте)


Мадияр ТӨЛЕУ

Осы тұста әңгімені өрден тартуға тура келеді. 2018 жылы шілдеде мотор отынының сапасы К-4 және К-5 экологиялық кластарына сәйкес келуі тиіс болды. Сол кезде Энергетика министрі болған Канат Бозымбаев үш ірі мұнай өндіру зауытына Атырау мұнай өндіру зауыты жөндеу жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болды. Наурыздың аяғынан сәуірдің аяғына дейінгі кезеңде күрделі жөндеу үшін Шымкент мұнай өндіру зауытын жоспарлы түрде тоқтату көзделген еді.

Ал Атырау мұнай өндіру зауытында жоғары сұранысқа ие бензин мен дизельді отын өндірісі дәуір төмендеп, зауытты жоспардан тыс жөндеу қажеттілігі туындаған соң, Энергетика министрлігі наурыз-сәуір айында жоспарланған Шымкент мұнай өндіру зауытындағы жөндеу жұмысын кейінге қалдырды. Шынында, кейінге қалдыруға мәжбүр болды. Соның елімізде жанар-жағармайға сұраныс 20 пайызға өсті. Бөлшек сауда нарығының ірі қатысушылары сұраныс жоғары болатын маусымды қалыпта жағдайда өткізу үшін дизельдің қорын жасауды дер кезінде қамтамасыз еткен. Ал тауар қорын тек 2-3 аптаға ғана жасайтын жергілікті бөлшек сауда мұндай қарқынды жұмыс істей алмай қалды. Шымкент МӨЗ жөндеу жұмыстарын аяқтағаннан кейін, 18 маусымнан бастап сұйық отынды қайта жеткізе бастады.

ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ СӨЗІ ЖАЛҒАН БОЛЫП ШЫҚТЫ

Биыл наурызда Энергетика вице-министрі Әсет Мағауов «қазақстандықтар мұнай өндіру зауыттарын жөндеу кезінде бензин тапшылығы мен қымбаттауын сезінбейтін болады» деп айтты. Оған «қантардан бастап біз қор жинау үшін мұнай өнімдерін экспорттауды тоқтаттық. Бұл уақытты шара болды деп айтуға тиіспіз. Бензин бойынша біздің қорлағы көлем 200 мың тоннадан 250 мың тоннаға дейін өсті» деп қосып қойған еді. Бірақ мүлде олай болмады. Мәселен, жаздың басында-ақ Қызылорда, Түркістан облысы мен Шымкент қаласындағы жанармай құю бекеттерінде сұйық отын тапшы болып жатты. Шынында, Шымкенттің аума-



және Германиядан 7,7 мың адам келген. Бір ескерілігі, мұнда көші-қон заңнамасын бұзушылардың көбі – Өзбекстан азаматтары. Ал ТМД-дан тыс елдердің ішінде жиі заң бұзатын Қытайдың 268 азаматы өкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сондықтан прокуратура органдары заңсыз көші-қон фактілерінің алдын алуды осы салаға жауапты мемлекеттік органдарға заңсыздықтарды әшкерелеуден бастауға көшті. Мысалы, Бас прокуратура Жамбыл облысы Полиция департаментінің 2013-2018 жылдардағы азаматтық және көші-қон туралы заңнаманы қолдану мәніне тексеру жүргізіп, көші-қон заңнамасын бұзудың көптеген фактісін анықтаған. Нәтижесінде, Жамбыл өңірімен шектесіп жатқан елдердің азаматтарын Қазақстанға кіргізу ісінде делдалдық жасаған департаменттің бір бөлім бастығы Қылмыстық кодекстің 394-бабы 2-бөлігі бойынша 7 жылға, тағы 2 қызметкері 3 жылға сотталып кетті.

Алайда қазір адам саудасымен күреске байланысты халықаралық шарттар біріккен күрес үрдістері болғанымен, бұл мәселе әлі күнге дейін нақты шешімін таппай келеді. Мысалы, әлемдегі адам саудасы құрбанының 70 пайыздан астамы әйелдер мен қыздар десек, жалпы құрбандардың үштен бірін балалар құрайды екен. Қалған пайыз тегін жұмыс істеу және локальді соғыстар кезінде мәжбүрлі түрде ұрыс алаңында қызмет еткізу үшін құлдыққа ұшырайтын ер-азаматтарға тиесілі. Бұл ретте Қазақстанда адам саудасына қатысты кен тараған сала жезөкшелік болып тұр. Тән саудасына түскен әйелдер көбіне Ресей, Түркия және Сауд Арабиясына жөнелтіледі. Сондай-ақ бізге көршілес Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғыз елінен

заңнамалық жауапкершілікті әлсіз деп таныды. Сондай-ақ елімізде бұл бағыттағы қылмыс санының азаймай отырғанын «бетімізге басты». Бұлай істейтін жөні де бар. Себебі биыл Қазақстанда адам саудасына байланысты қылмыс былтырғымен салыстырғанда 2 есе көп тіркелген. Бұл туралы таауда Бас прокуратура қылмыстық қудалау қызметінің бастышы Серік Шалабаев мәлімдеді. Оның айтуынша, биыл қантар-мамыр айында адам саудасына байланысты 63 құқықбұзушылыққа жол беріп қойыпты. Соңғы 5 айда көмектеке толмағандарды сатқаны үшін 25 адам, жезөкшеліктен айналысуға арналған притондар ұйымдастырғаны немесе ұстағаны және женгетайлық үшін 6 адам, адам саудасы үшін 4 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Ал ИМ Криминалдық полиция департаментінің бастығы Думан Таев былтыр 1 200 адамның із-түзсіз жоғалып кеткенін жария етті. Оның 22-сі – бала, көбі – қызметтік іссапарға шыққан, өзге өңірлерге маусымдық жұмыс іздеп кеткен, автоқал, жүк тасымалдауға аттанған ер адамдар. Осы орайда ИМ өкілі әлемге адам саудасы өршіген ел ретінде атымыз шыққанын жасырмады. «Адам саудасы бойынша Қазақстан әлем бойынша екінші рейтингте тұр. Кейінгі жылдары біздің азаматтары Бахрейнге, Түркияға, Оңтүстік Кореяға құлдыққа шығару каналдарының жолы кесілді. Адам саудасының ішкі трафиімен де, сыртқы трафиімен де бетпе-бет келіп отырмыз», – деді Думан Таев.

Еске сала кетсек, әлемде адам саудасын бағалаудың 3 санаты бар. Мына ИМ өкілі айтқан екінші санатқа қосылған елге халықаралық деңгейде шектеулер (халықаралық қаржы институттарының көмегін

Міндетті екпе: қызметкер жұмыстан шығарылмайды

Екпені міндеттеген дұрыс па? Әуелде екпе салдыру – әр адамның өз еркі деген. Көп ұзамай, «екпе алмағандар жұмыстан шеттетіледі» деген пікірлер айтыла бастады. Қазір көпшіліктің пікірі екіге жарылған: бірі – екпені қолдайтындар, екіншісі – антиваксерлердің сөзіне еретіндер. Жалпы, екпе алмағандар жұмыстан шеттетіледі деген ақпарат қайдан шықты? Бұл шындыққа жанаса ма?

Айым БЕКТҮР

«Денсаулық туралы» кодекстің 77-бабы бойынша ерікті вакцинациялаудан бас тартқан жағдайда жұмыс беруші қызметкерді жұмыстан шығаруға құқылы ма? Осыған орай Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шәпкенов жауап берген. Министрдің айтуынша, Қазақстанның бас мемлекеттік санитар дәрігері тиісті қаулылар қабылдайды. Бас мемлекеттік санитар дәрігердің №67 қаулысында көрсетілген ұйымдардың/объектілердің COVID-19-ға қарсы екпе алмаған (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-мен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) қызметкерлер үшін күндізгі режимде жұмысқа жіберілуіне шектеу енгізілген.

Аталған қаулының 6-1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың екпе алмаған қызметкерлері 7 күнде бір рет ПТР-тест тапсырып тұруға міндеттелген. Осыған байланысты жұмыс беруші COVID-19-ға қарсы вакцинациялауды алмаған жұмыскерге қашықтан жұмыс нұсанына көшуді ұсынуға (мұндай мүмкіндік болған жағдайда) құқылы. Әрі жұмысты қашықтан

орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда және қызметкер жұмысты күндізгі режимде жүзеге асыруға тілек білдірсе, қызметкер өз есебінен міндетті ПТР-тестілеуден (7 күнде 1 рет) өтуі қажет. Сонымен бірге тараптардың келісімі бойынша міндетті ПТР-тестілеу жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. «Осылайша, жұмыс беруші вакцинациядан бас тартуға байланысты қызметкерді жұмыстан шығаруға құқылы емес. Сонымен қатар қызметкерлер өздерінің еңбек құқықтарын қорғау үшін жұмыс берушінің орналасқан жері бойынша тиісті өкімшілік-аумақтық бірліктің еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасына өтініш жасауға құқылы» деген елі министрлік.

Бұл пікірді Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі Ержан Байтанаев тараптады. Ресми өкілге «жұмыс беруші қызметкерін жұмыстан шығара ала ма?» деген сауал тастаған едік. Ол: «Кез келген жұмыс беруші қызметкерін екпе алмағаны үшін жұмыстан шығара алмайды. Тек қашықтан жұмыс істеуге, олай болмаған жағдайда жұмысына бір рет ПТР тапсыруға міндеттей алады», – деді.

Міндетті екпе демекші, бас санитар Ерлан Қиясов күні кеше жана қаулыға қол қойды. Жана қаулы бойынша екпе алмаған қызметкерге жұмысқа келуге шектеу бар.



Бұл шектеу тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, соңғы үш айда коронавируспен ауырған қызметкерлерге қатысты емес.

Жана қаулы бойынша Халыққа қызмет көрсету орталықтары бөлімшелері, екінші деңгейлі банктер, қаржы нарығының объектілері, сақтандыру компаниялары, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, айырбастау пункттері, сұлулық салондары, шаштараз, химиялық тазалау орындары, базарлар, сауда үйлері, сауда-ойын сауық орталықтары мен шағын маркеттер, супермаркеттер мен гипермаркеттер және тағы басқа ұйымдарға шектеу бар.

Бұл талапты орындамаған қызметкерлерді жұмыс беруші жұмыстан босатуға құқылы. Жеке компанияда бухгалтер болып қызмет істейтін Жанерке Ержанқызы вакцина алуға қорқатынын айтады. «Оған не себеп?» десек, ол «вакцина туралы түрлі қауесет көп. Қайсысы тиімді екенін білмейміз. Бұған жауапты мамандар дұрыс насихат жұмысын жүргізбейтінін» айтады. «Егер вакцина менің денсаулығымна зиянын тигізе, қайтемін?! Сондықтан әзірге жұмысты қашықтан істеуге мәжбүрмін», – дейді. Ал Жасулан Ерланұлы «апта сайын ПТР тапсыруға қалтам көтермейді. Ал жұмыссыз қалсам, бала-шағамды кім асырайды?..» деп отыр.

Өткен аптада Қарағандыда бірқатар жұмыс орының басылығы қызметкерлеріне «екпе алмағандар жұмыс орындарын босатады» деген талап қойыпты. Жұмысынан айырылып қаламыз деп үрейленген халық қалалық емханаларға ағылған көрінеді. Емханаға ағылғандардың көбі екпе салдырмаса, үш күн сайын 9 000 теңгеден ПТР-тест тапсыруға міндеттелгенін айтады. Сынаманы жиі тапсыра алмайтындары амалы жоғынан екпе алуға келген. Қатаң талаптан кейін Қарағандыда екпе алушылардың саны күрт өскен. Тіпті, емханаларда сағаттап кезек күтуге мәжбүр болған. Кезек көбейген соң Денсаулық сақтау басқармасы басшылары қосымша екпе салатын емханалар ашуға тура келгенін айтып отыр.

«Қазір вакцина алатындардың саны артып отыр. Сондықтан қосымша егу пункттерін ашуды қарастырып жатырмыз. Ертеңнен бастап қосымша кабинеттерде қабылдаймыз. Облысымызда екпе тапшылығы байқалмайды», – дейді олар.

Бізде бір мәселе бар: ол – вакцинаның дұрыс насихатталмауы. Жұртшылыққа ақпарат дұрыс жетіп жатқан жоқ. Екіншіден, жұртшылықтың дені «халыққа екпе алуы міндеттеген дұрыс емес. Бұл шара ерікті түрде болуы керек. Өз денсаулығымыз үшін өзіміз жауаптымыз» деп отыр.

Алайда соңғы деректерге сүйенсек, індет жұқтырғандар саны күннен-күнге артып келуде. Екпе алу үшін де қатаң талап керек секілді. Ол – қауіпті індетті шектеудің жолы. Әлем вакцинадан кейін ғана коронавирусты ауыздықтай аламыз деп отыр. Қапыты өмірге көшу үшін де екпе қажет екенін ескерген жөн.

Балқаш көлі тартылып барады

Экологтер осылай деп дабыл қағып жатыр. Жақында климаттың өзгеруінің гидрологиялық салдарын зерттейтін NASA және Circle of Blue мамандары 2021 жылы үш миллионнан астам адам Балқаштағы судың таяз әсерін сезінетінін ескертті. Сарапшылар «Балқаш көлі Аралдың кебі кие ме?» деп қауіптенеді.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

БАЛЫҚ ТА КЕТТІ АЗАЙЫП...

Мамандардың айтуынша, осыдан 35 мың жыл бұрын пайда болған Балқаш көлінде қазіргі уақытта балықтың 26 түрі бар. Олардың барлығы – жерсіндірілген балықтар. Ресми деректер бойынша, 1930-1940 жылдары жылына 5 000 тоннадан астам, ал 1961 жылға дейін жылына орта есеппен 2 300 тонна Балқаш алабұғасы ауланған. Ол кәсіптік мәні бар балықтардың ішінде 2-орында тұрған. Кейіннен Балқаш көліне жерсіндірілген жыртқыш көксерке мен ақмарка балықтар жіберілуінің салдарынан Балқаш алабұғасының саны азайып, 1966 жылы бар болғаны 10 тоннадан астам Балқаш алабұғасы ауланған. Ал 1971 жылдан кейін Балқаш алабұғасы мүлде ауға түспеген. Ашаршылық жылдары Балқаш алабұғасы осы өңірдегі жергілікті тұрғындардың құт-берекесі деп есептелініп, көптеген адамның ашаршылықтан аман қалуына септігін тигізген. Мәселен, бұл балықтың көптеп кездесетіні, оған қармақ салған кезде қармақты бірден қабатты, сүзекі тартса топ-тобымен топырлап түсетіні және жалтылдақ сүйресе үйірімен ілесетіні туралы аңыз әңгімелер көп сақталған.

1970 жылдары Балқаш көлінен жоғалып кеткен құнды әрі дәмді балық – әйгілі Балқаш шармайы (маринка) тағдыры қайталана ма деп қауіптенген тұрғындарды көлдің жайы алаңдатады. Кезінде Балқаштың көкбасын құны төмен балық санын азайту мақсатында көлге жіберілген көксерке ығыстырып шығарған еді. Соның әсерінен бір көлді мекен еткен жыртқыш балықтарға қорек жетпеді. Ұзындығы 12-15 сантиметр шұбарбалық және Қызыл кітапқа енгізілген Балқаш алабұғасын көксерке жеп тауысты.

– Бұрындары бір шаршы метр суда жиырма шакты алабұға шүпірлей жүзіп, көк беті «қайнап» кетеді екен. Ел аузында «алабұға – мәрт балық, қармақты салған бетте қабады. Сүзекі тартсан

тобымен, жалтылдақ сүйресе үйірімен ілеседі» деген сипаттағы әңгімелер ғана қалған қазір. Балқаш алабұғасы, Балқаш шармайы және Балқаштың шұбар балығы – көлдің тумасы. 1903 жылы Іле өзені арқылы сазан келген. 1949 жылы – пілмайы, табан, 1957-1958 жылдары көксеркемен бірге жайын, қаракөз, ақбалық, берш, торта жіберілген. Балқаш көлінің тума балықтарының азаюына көксерке, жайын және ақмарка сияқты жыртқыш балықтарды акклиматизациялау, гидрологиялық режимнің бүлінуі себеп болды. Жыртқыш балықтың биологиялық ерекшелігі – ол жылдам және баяу өсетін болып екі экологиялық түрге бөлінеді. Сондай-ақ көлде жылдам өсіп кеткен жыланбас балықтың зияны көп тиді. Тамақ талғамайтын жыртқыш балық құртшабақтарды ғана емес, ұзындығы 21 сантиметрге жететін торта, сазан, табан, алабұға сияқты балықтармен де қоректенеді. Бұл балық, әсіресе қарқынды қоректену кезеңінде – сәуір-шілде айларында негізінен сазан (43,7 пайыз) және көксеркемен (34,6 пайызға дейін) қоректенеді. Айта кетейік, 1970-1980 жылдары пілмайы балығының ауданымы 30 тоннаға дейін жеткен. 1990 жылдары оның да аулану көлемі күрт азайып кетті. Қазір бұл дәнмандай Балқашта өсіп-өніп кете алмады. Балқашта аулауға келмейтін балықтың бес түрі бар. Олар: гамбузия, амур шабағы, жалғантенге, элеотрис және амур бұзаубасы. Бұлардың бәрі де кәсіптік балықтарды жерсіндіру кезінде солардың шабақтарының арасында кеткен керексіз балықтар. Олардың өсімін тежеу мүмкін болмай отыр, – дейді Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ардагері Боранбай Кенжебеков.

Балқаш көлінің негізгі табиғи қоры сазан, табан, кара балық (шармай), мөңке, жайын, ақсерке, көксерке, қаяз, шортан, бекіре, аққайран болғанымен, балық шаруашылығы 7-8 мың тонна балық беруден әрі аса алмай отыр.

НУ ҚАМЫС ТА ЖОҚ БҮГІН...

– Ертеректе Балқаш көлінің жағалауына ит тұмсығы батпай-



тын нар қамыс жауып жатқан. Жуандығы жас баланың білегіндей қамысты неше алуан қанаттылар, ондатрлар, доңыздар, жабайы мысықтар, жолбарыстар мекендеген десек, ешкім сенбейді. Өйткені көл байлығын көзімен көрмеген бүгінгі ұрпақ бұл сөзімізді аңыз, ертегі сияқты қабылдайтын анық. Табиғат байлығын адамның қомағайлықпен құртып жібергенін қайдан білсін?!

Көнекөздердің айтуынша, ертеде көл ажарын кіргізіп, аттылы кісінің бойын жасырар нұр қамыстың үкілі шашақтары ерекше сұлуланып тұрады екен. Самал желмен сыбыр қаққаны да ғажап көрінеді. Өкінішке қарай, қазір ол көріністі ұшырата алмайсың. Таусылмайтындай көрінген бір кездегі нар қамыстың орнын борпылдақ сор топырақ басқан, – дейді Балқаш қаласының тұрғыны, журналист Нұрдос Кәрім.

Табиғат жанашырларын көлдің қазіргі тағдыры алаңдатып отыр. Көл жағасындағы қамыстың құруы онда өмір сүретін аң мен құстың азаюына және судағы тұз мөлшерінің артып, судың тартылуына әсерін тигізеді екен.

– Табиғат байлығы да өлшеулі. Кеңес кезінде қамыс зауыты ашылып, қысы-жазы нар қамысты да, балауса құрақты да қылтанағын қалдырмай шауып алды. Болашағын ойламай, жоспар қуалаған шаруалар табиғаттың сырын қайдан ұқсын?! Жағалаудағы қамыс-құрақты құртқан соң, аң мен құс азайып кетті. Бұдан кейін бір литр судағы тұздылық 2,26 грамнан 3,22 грамға артты. Балқаш суының тұздылығының артауына жағасындағы қалың

қамыстың әсері мол еді, – дейді «ЭКОШ» ұйымының жетекшісі Людмила Страшко.

Өткен ғасырдың 40-жылдары Балқаш маңындағы 1 миллион гектарға дейінгі алқапты қамыс алып жатты. Бұл Еуразия құрлығындағы қамыс «тоғайының» ең ірісі болды. Көлдің негізгі үлкен аралдары – Басарал, Тасарал, Ортаарал, Алғазы және Шағалалы, Кіші Тасарал, Шайтанарал, Маяқтұрған секілді бірнеше басқа да аралдарын қалың қамыс жауып жатқан екен.

Қамыстың сиреуіне өрттің де зардабы тиіп отыр. Биылдың өзінде Алматы облысы Балқаш ауданындағы Жиделі ауылынан 25 шақырым жердегі мемлекет қорғауындағы «тоғайды» қызыл жалын шарпыды. Бұдан бөлек, Балқаш қаласына жақын жердегі көл жағалауындағы 10 гектардан аса аумақты алып жатқан қамыс өртеніп кетті.

АРАЛДЫҢ КЕБІН КИЕ МЕ?

Оның бетін аулақ қылсын, алайда алаңдауға бірнеше себеп бар. Біріншісі, Қапшағай су қоймасына қатысты. Міне, жарты ғасырға жуықтап қалды, оны толықтыруға Іленің суы пайдаланылып жатыр. Осының салдарынан өзеннен келетін судың көлемі бұрынғының үштен екі бөлігіндей азайып, көлдің деңгейі төмендеді. Оның мөлшері жылына 15,6 сантиметрге жетті. Сөйтіп, 1908-1946 жылдары су деңгейінің табиғи төмендеуіне асып түсті.

Балқаштың таяздануы оның онша терең емес батыс бөлігінен айқын аңғарылды. 1972-2001 жылдары көлдің онтүстігіне қа-

рай 8 шақырымда жатқан Алақөл құрғап қалды деуге болады. Осы кезеңде Балқаштың онтүстік бөлігі барынша зардап шекті. Оның төңірегіндегі 16 су жүйесінен тек бесеуі ғана қалды, бас-сейіннің үштен бір бөлігіне жуығы шөлге айналды. Кепкен көлдің түбінен көтерілген тұзды тозан аймақ климатына кері әсерін тигізді. Ал жағалаудың тұзданған топырағы құнарсызданып қана қоймай, сағаны сағал-сағал қылды.

– Іле-Балқаш бассейнінің экологиясын тұралақтан тағы бір фактор – Балқаш комбинатына қарасты бірнеше кәсіпорын төгетін өндірістік қалдық. Өткен ғасырдың соңғы онжылдығының алғашқы жартысында комбинат төккен өндірістік қалдық көлемі жылдан жылға өсе есеппен 280-320 мың тонна болғаны, көл түбінде 76 тонна мыс, 68 тонна мырыш, 66 тонна қорғасын тұнбасы жатқаны жөнінде мәліметтер бар. Өндірістік қалдық қоймасынан шап болып көтерілетіні қаншама? – дейді осы саланы бірнеше жыл зерттеген әріптесіміз Әлібек Әбдірәш бiр сөзінде.

Қазір Қаратал, Ленсі, Ақсу өзендерінің мол суы көлге жетпей, суармалы егістікке жұмсалып отыр. Бұрын Балқашқа құйып, оның табиғи су деңгейін сақтап отыруға септігін тигізген Аяғөз, Биен, Сарканд және Басқан да бүгінде арнасын өзгерткен. Балқаш шөлейт және шөл белдеуде жатқандықтан, климаты шұғыл континентті. Суының булануы өте жоғары. Сондықтан деңгейі шұғыл өзгеріп отырады. Балқаш көлі кейінгі жылдары 2 метрге жуық төмендеген.

АЛАНДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ...

Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов осылай дейді.

– Алдымен әлемдегі су ресурстарына қатысты жалпы жағдай жақсарып келе жатқан жоқ екенін атап өткім келеді, жыл сайын экономика мен жердегі тұрғындардың өсуімен бірге суға деген сұраныс та артып келеді. Қазір Қазақстанда судың аздығы байқалады, бұл жағдай әсіресе онтүстікте, Сырдария өзенінің бойында, сондай-ақ республиканың батысында және Іле өзенінің бойында анық сезіледі. Балқаш көліне келетін болсақ, ол бойынша барлық мәселе шешіліп жатыр. Балқаш Аралдың тағдырын қайталамайды деп сеніммен айта аламын. Бұл пікірді ғалымдардың, көпжылдық тәжірибесі бар су мамандарының қорытындыларына сүйеніп айтып отырмын. Зерттеулер көрсеткендей, көлдің тұрақты деңгейде сақталуы (Балтық жүйесінің 341 м белгісінен төмен емес) оған жыл сайын 12 млрд м³ судың құйылуы кепіл болады. Көпжылдық бақылаулар барысында соңғы 25 жылда көлдің деңгейі 342 м-ден төмендемегені анықталды. Бұл деңгейді сақтау үшін көлге Балқаш ағынының 70%-ы болатын трансшекаралық Іле өзенінен жылына кемінде 12 текше метр су келуі қажет. Бүгінде Іле өзенінен Балқаш көліне орта есеппен жылына 12,8 текше метр су келеді. Яғни, көлдің таяздану қаупі жоқ.

Іле ағынының 80%-ы Қытайда қалыптасады, ол соңғы жылдары өз аумағында өзен бойында қарқынды дамып келеді. Сондықтан біз ҚХР-мен осы бағытта тығыз жұмыс жүргізіп жатырмыз. Қытайдың өзін 3500 жылдан астам тарихында ешбір елмен су бөлу жөніндегі келісімдері болмағанын атап өткім келеді.

Біз екі елдің Мемлекет басшыларының тапсырмасы бойынша 2015 жылдан бастап Қытаймен тиісті келісімді дайындау бойынша жұмыс жүргізуіміз. Қытай тарапымен келіссөздер барысында барлық негізгі мәселелер, соның ішінде Іле өзені бойынша Балқашқа жыл сайын кемінде 12 текше метр су келуі тиіс деген ұстанымымыз назарға алынып жатыр, – дейді Серік Қожаниязов.

Сөз соңында Балқашты сақтау сіз бен біздің қолымызда екені, ол үшін мемлекет үлкен бағдарламалар түзіп, сол арқылы көлді сақтап қалу керек дегіміз келеді.

Қарағанды облысы



Бір жыл бұрын салынған нысандар дауылға шыдамады

Абай ауданында соққан қатты дауыл Ақшоқыдағы Құнанбай әулетінің қорымындағы нысандардың бірқатарын қиратып кеткен. Естеріңізге сала кетейік, былтыр ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына орай Абай ауданындағы бірнеше мәдени нысан жаңартылған болатын. Ал Құнанбай қорымы толық абаттандырылып, бұл жерде жаңадан музей бой көтерген-ді.

Әрине, бюджеттен қаншама миллион қаржы бөлініп тұрғызылған нысандардың бір жылға жетпей табиғаттың тосын мінезіне шыдас бермей, қирай бастауы – өкінішті жағдай. «Абайдың 125 жылдығында салынған бірде-бір нысан нәсерден құлаған жоқ. Өйткені әрбір құрылысты ауданның сол кездегі бірінші басшысы Хафиз Матаев тікелей бақылайтын, өзі үлгермей жатса, ауатқом басшыларына тапсыратын. 50 жыл өтсе де, сол құрылыстар әлі тұр. Бақыламаған соң мердігерлерге бәрбір» деп жазды өзінің Facebook-тегі парақшасында Абай ауданының тұрғыны Мәлікажар Жүнісжанов.



қарайды. «Болған жайты музей тарапынан ауданға хабарладық. Акт жасатамыз. Негізі, тапсырыс беруші біз емес. Абай ауданының орталығы – Қарауылдағы Мәдениет үйі мекемесінен қабылдап алғанбыз. Нысан құрылысын жүргізген мердігердің кепілдігі бар болса, солар қайтадан жасап беруге тиіс», – дейді музей директоры Қайрат Сабырбай.

Бұл – алғашқы жағдай емес. Осыдан бірнеше ай бұрын былтыр жондеуден өткен Жидебайдағы мемориалдық кешеннің төбесінен де су аққан болатын.

А.ӘБІЛ,

Абай ауданы Шығыс Қазақстан облысы

Мәртебесі тасыған «Мерейлі отбасылар»

Талдықорғандағы Салтанат сарайында отбасылық құндылықтарды насихаттау, жас ұрпақ тәрбиесін ұлттық салт-дәстүрлерге сай жүзеге асыру мақсатында елімізде жыл сайын өткізілетін «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық сатысының қорытындысы шығарылып, байқаудың жеңімпаздары марапатталды. Мерейлі отбасыларды облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов құттықтады.

Болат АБАҒАН

Байқаудың облыс деңгейіндегі іріктеу кезеңіне 400-ден аса өтініш келіп түскен. Оның ішінен 40 отбасы бірінші кезеңде әулет тарихы жинақталған альбом ұсынып, олардың арасынан 20-сы екінші кезеңге өтіп, бақ сынады.

Биыл жетінші жыл ұйымдастырылған байқаудың ашылу салтанатында әр жылдары жеңіске жеткен отбасылар аталды. Одан бөлек, жеңімпаз болған 4 отбасына қатысты бейнебаян ұсынылды.

– Халқымызда «Өнегелі отбасы – елдің тұтқасы» деген дана сөз бар. Ізгілікті, өнегелі, мерейлі отбасылар қашанда көпке үлгі болуы тиіс. Ел ертені болатын ұлт-қыздарды бір шаңырақ астында тату-тәтті өсіріп, тәрбиелеп, қатарынан қалдырмай өсіріп отырған ата-ананың еңбегі ерқашанда орасан. Көпбалалы от-



басында жетілген жасөспірімдер бір-біріне бауырмал болып келеді. Отанын сүйетін, үлкендерді құрметтейтін, туған жері мен елі үшін еңбек ететін саналы ұрпақ өсіру – бәрімізге ортақ әрі абыройлы міндет. Осыған орай елімізде мерейлі отбасылар саны арта берсін. Марапаттарыңыз құтты болсын, – деген облыс әкімінің бірінші орынбасары Байқауға қатысқан отбасыларға алғысын білдірді. Сондай-ақ республикалық кезеңге жолдама алғандарға сәттілік тіледі.

Осыдан кейін «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауында облыстан оза шапқандар марапатталды. Үшінші орын екі отбасына берілді. Панфилов ауданынан «Медина қызметкерлері әулеті» атанған Мансұрөвтер отбасының

ұл-қыздарынан бөлек, келіндері де ақ халатты абзал жандар. Кейінгі екі жылда елдегі жағдайға дәрігерлер зор еңбек сіңірді. Осындайда Мансұрөвтер әулеті сияқты өз ісінің білікті мамандары болғаны қуантады. Екінші болып үшінші орынды иеленген көпбалалы Сәдуақасовтар әулеті де лайықты марапатқа ие болды. Отағасы да, отанасы да – қарапайым шаруа адамдары. Шаттықты шаңырақта он төрт бала тәрбиеленген. Алды Жалыра 26 жасқа толса, кішкентай Нұрғалым 2021 жылдың наурызында дүниеге келіпті.

Жүлделі екінші орыннан Jetisy газетінің журналисі Қажет Андас шыққан әулет көрінді. Андас отбасы – халық шығармашылығын, қазақ фольклорын

зерттеумен айналысатын, ата мұрасын ардақтаған, білім-ғылымға құштар, ұлттық өнерді жалғастыратын, көпбалалы әулет. Бүгінде 7 бала, 16 немере тәрбиелеп отыр. Бұл шаңырақта ата-бабалары тұтынған бес ғасырлық 700-ден астам мұра сақталыпты. Ең құндысы – Солтангелді билің күмістелген ер тоқымы мен Ұлтарақ батырдың көн тоқымы. XVII ғасырдан бүгінге аман жеткен жәдігерлер Тұңғыш Президент – Елбасының «Атамекен» мәдени орталығының қорында сақталуы. Осы әулет 108 жыл тұтынған бесікке Андас әулетінің 41 баласы бөленген. Құнды жәдігерлерді әулеттің отанасы, этнограф, ата мұрасын сақтаушы, ұлттық колоретерді жалғастырушы Әуесхан Мажайқызы атажұртқа жеткізіпті.

Бас жүлде мен бір миллион теңгенің сертификатын Еңбекшіқазақ ауданынан келген Исабековтер отбасы иеленді. Бұл отбасы ата кәсіпті насихаттап, бүркітшілікті дәріптеп жүр. Нұра ауылындағы «Жеті қазына» құсбегілік мектебі әрі мұражайына иелік етіп, жұмысын жолға қойып отырған әулеттің өнегелі істері баршылық. Жеңімпаз және жүлдегер отбасыларға дипломдар мен ақшалай сертификаттар тапсырылды. Ал барлық қатысушыға алғысхаттар мен естелік сыйлықтар берілді.

Жеңімпаз отбасы байқаудың республикалық кезеңіне қатысатын болады.

Алматы облысы

«Ломбард «Сенімді іргетас» ЖШС тауар белгісі (Бірінші ломбард) 2021 жылы шілде айының 16, 23, 30 күні, сағат 12.00-де кепілге қойылған мүліктердің сатылымы өткізілетіні туралы жариялайды. Мекенжайымыз: Алматы қаласы, Ақсай-2 ықшамауданы, 10-үй. Тел: 8(727) 268-40-37.

ТОО «Ломбард «Сенімді іргетас» товарный знак (Бірінші ломбард) объявляет о проведении торгов залогового имущества 16, 23, 30 июля 2021 г., в 12.00 часов по адресу: г. Алматы, мкр. Ақсай-2, д. 10. Телефон: 8(727) 268-40-37.



Түркия террористермен күресті тоқтатпайды

15 шілде – Түркияның демократия және ұлттық бірлік күні. Осыған орай Түркияның Қазақстандағы елшілігінде арнайы іс-шара өтті.

2016 жылы 15 шілде күні Түркияда жасырын ұйым мүшелері төңкеріс ұйымдастырып, салдарынан 251 адам мерт болды. 2 мыңнан астам адам жаракат алды. Кеше Нұр-Сұлтанға Түркияда төңкеріске төтеп беруге тырысқан қаһармандардың ерлігін еске алды. ФЕТО террористік ұйымы мемлекетке үлкен қауіп төндіретінін айқындап берді. Бұл қауіпті сейілту үшін түрік халқы табандылық танытты.

Салтанатты жиында Түркия Республикасының Қазақстандағы елшісі Уфук Екиджи: «Бүгін 2016 жылы Түркияда орын алған төңкеріс кезінде қаза болған қаһармандарды еске алуға жиналып отырмыз. Азаматтардың бостандығы мен құқығын қорғау басты міндет. Ерекше айтып өтер жайт, 2016 жылы тамызда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев біздің елге мемлекеттік сапармен барды. Аталған сапар кайғылы оқиғадан кейінгі алғашқы мемлекет басшысының сапары болды. Қиын сәтте бауырластық танытқан Қазақ еліне ризашылығымызды білдіреміз», – деді.

ФЕТО-ның жасырын іс-әрекеті әшкерә болып, оның мүшелері жауапқа тартылды. Түркияда осындай сын-қатерлерге карамастан, ел тыныштығын сақтауға баса назар аударылады. Бұған қоса, ФЕТО-ға тәуелді шетелдердегі білім беру мекемелерін жабу, оларды ФЕТО элементтерінен тазарту және Түркия «Маариф» қорына беру жұмыстары жалғасып жатыр.

Әртүрлі елдер мен халықаралық ұйымдар ФЕТО-ны террористік ұйым деп жариялады.

2019 жылғы 9 тамызда Түркия Ұлы ұлттық мәжілісіндегі төрт саяси партиядан тұратын топ тарапынан ФЕТО-ға қарсы бірлескен мәлімдеме жарияланды.

Салтанатты іс-шараға қатысушылар бейбітшілік пен ынтымақ бекіту үшін маңызды екенін талқылады. Жиында Юнус Эмре түрік мәдени орталығының оқушысы Әйгерім Тәлен «15 шілде» өлеңін оқыды.

Түркия мен Қазақстан арасындағы байланыс әрдайым жандана бермек.

Н.БАҚЫТ

Сарыбас – турнир жеңімпазы



Көкшетауда тазы тұқымды иттердің республикалық жарысы өтті. Оған Қазақстанның әр аймағынан осы тұқымның 40-қа жуық түрі қатысты.

Республикалық долада Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының атынан жарыс жолына шыққан Сарыбас атты тазы жеңімпаз атанды.

– Сарыбас – екі жаста. Ол қазақтың тазысы. Биыл облыстық және республикалық жарыстарда алты рет бірінші орынға ие болды, – дейді тазының иесі Арман Оралхан.

Арманның айтуынша, мұндай жарыстардың басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды, атап айтқанда тазы тұқымын сақтау, сондай-ақ осы тұқымының ең жылдам түрін анықтау.

Жарыстағы қашықтық әртүрлі – екі шақырымға дейін. Көкшетауда иттер 1,3 шақырым

жүгірді. 30 финалистің ішінде Сарыбас мәре сызығын бірінші болып кесті.

– Менің ойымша, әр қазақ тазы ұстап, атқа міне білуі керек. Бала кезімнен бері тазыларым бар, мен оларды осы күнге дейін баптап келемін. Иттерге ерекше күтім қажет, оларға арнайы тамақ дайындаймын. Қазір үш тазым бар: Сарыбас, Сұңқар және Ақкиік. Бірақ Сарыбас өзгелерден ерекше. Жарысқа тек соны шығарамын. Болашақта Сарыбастың күшіктерін өсіргім келеді. Алда да жарысқа қатысу жоспарлау бар, – деп атап өтті Арман Оралхан.

А.ЖАСАНҒҰЛЫ

AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетінің ұжымы аса көрнекті ғалым, шығыстанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі, дипломат **Әбсәттар қажы ДЕРЫСӘЛІННІҢ** дүниеден өтуіне байланысты отбасы, туған-туыстарына кайғырып, көңіл айтады.

NUR MEDIA AIQYN

Меншік иесі –
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор –
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеу алынып, мерзімді баспасөз басшылығына қайта есепке қою туралы №17416-Г күнделі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдардың көшірін немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбама рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Ел футболындағы екі елеулі оқиға

Қазақ футболын алда үлкен өзгеріс күтіп тұр. Соның бірі – ел біріншілігіне VAR жүйесінің орнатылуы болмақ. Талайдан бері талқыланып келе жатқан осы мәселеге жақында нүкте қойылады. Қазір аталған жүйе ҚФФ футбол үйінде сынақтан өткізілуде. Жуырда Қазақстан Премьер-лигасының ресми ойынында жаңа технология қолданысқа енгізіледі. Бұл туралы Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы Азамат Айтқожиннің өзі мәлімдеді.

Абылайхан ЖҰМАШ

Былтыр аталған технология Алматыдағы орталық стадионда өткен Қазақстан суперкубогында тұңғыш рет сынақтан өткен болатын. Кейіннен спорт журналистері біздің біріншілікке көп өтпей жана жүйенің келетінін айтқан. Сол сөз шындыққа айналды.

– Біз жүйелі түрде жұмыс істеп, VAR жүйесін іске қосып бере алатын серіктесті тауып қойдық. Олар бізге отандық телеөнім дайындайтын компаниямен бірлесіп, бейнеқайталау нобайын ұсынады. Сонымен қатар FIFA осы жақында ғана VAR Light жобасын іске қосты. Онда телекөрсетілімге жалғанбаған камераны да бейнеқайталау үшін пайдалануға болады екен. Біз осы жобаны Қазақстанға әкеліп, тексеруден өткізіп беруді өтіндік. Сондықтан да алда VAR Light жобасы еліміздің стадиондарына орнатыла бастайды, – деп сүйіншіледі Айтқожин.

Енді көп өтпей Қазақстан футбол федерациясы ФИФА VAR Light бағдарламасының мүшесі ретінде отандық футболға VAR жүйесін қолдануды мақсат етіп отыр. Елордадағы «Футбол үйінің» базасында төрешілердің алғашқы оқу әдістемелік жиыны өткізілді.



VAR Light жүйесінің енгізілуін Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділбек Жаксыбековтің өзі қадағалады.

– Қазақстан футбол федерациясы заман ағымынан қалғысы келмейді. Қазір бүкіл әлем VAR жүйесін енгізіп жатыр. ФИФА ұйымдастырып отырған бағдарламаға сәйкес бұл жүйе елімізде кезең-кезеңімен іске асады. Оның Қазақстан футболына енгізілуіне VAR жүйесінің Қазақстандағы серіктесі – OLIMPBET компаниясы зор септігін тигізуде. ҚФФ жарысының бас серіктесі техникалық жағынан толық қамтамасыз етеді. Қазір бірінші кезең аяқталды. Алдымызда әлі қыруар шаруа тұрғанын түсініп отырмыз. Енді VAR жобасының еліміздегі стадиондарға орнатылуы мен сертификациядан өтуі қалып тұр. Сондықтан да неғұрлым тез қызмет етсек, соғұрлым VAR жүйесі қазақ футболына да келіп жетеді деген сөз, – деп мәлімдеді ҚФФ басшысы.

Бұл ретте OLIMPBET компаниясының даму бойынша директоры Константин Гусев те қазақ футболының қарқынды дамуына өз үлесін қосып жатқанына дән риза екенін, VAR жүйесінің енгізілуі біріншіліктің сапалы деңгейге көтерілуіне ықпал ететінін жеткізді. 5 күн ішінде төрешілерге түрлі сабақ өткізген ФИФА инструкторы Фархад Абдуллаевтың еңбегін мамандар жоғары бағалады. Ол осы кезге дейін реферидің бейнекемекшілеріне арналған жүйеге семин

нар өткізген, VAR жүйесінің теориялық сабақтары мен тәжірибиелік жұмыстарын да өткізуден мол тәжірибиесі бар білікті маман. ФИФА инструкторының жетекшілігімен ары қарай да қазақстандық төрешілер ФИФА әзірлеген



бағдарлама бойынша білімін арттырып, тәжірибелік курста өтеді.

Мұндай қуанышты жаңалықтың ізін ала қазақ футболында тағы бір есте қаларлық елеулі оқиға көптің талқысына түсті. ҚПЛ тарихында Қазақстан Премьер-лигасының ойындарында тұңғыш рет әйел адам төрелік етті. 2009 жылдан бастап ресми түрде Қазақстан футбол федерациясының ықпалымен төменгі дивизиондардағы ойындарда, әйелдер футболында төрелік етіп келе жатқан Эльвира Нұрмұстафинаға бұл жолы ҚПЛ-дың ойынына төреші болу міндеті жүктелді.

Осылайша, ол қазақ футболының тарихына енді.

– Қазақстан чемпионатында төреші болуға мүмкіндік бергені үшін басшылыққа алғым білдіргім келеді. Бұл мен үшін зор мәртебе. Аланға шыққан сәттен бастап маған үлкен жауапкершілік жүктелгенін сезіндім. Өйткені бірінші рет ерлер футболында, жоғары дивизионда бас төреші болу бақыты маған бұйырды. Қуаныштымын. Ойын өте жақсы өтті. Барынша қателік жібермеуге тырыстым. Ойыннан кейін барлығы мені дебютті матч өткізгенімнен құттықтады, – деді Эльвира Meta-ratings.kz берген сұхбатында.

Ол сонымен қатар ел спортында бүгінгі күннің басты тақырыбына айналған VAR жүйесі туралы да пікірін білдірді.



– VAR-мен жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Мониторда отырғандар да қателікке жол бермеуге тырысады. Жүйені толық иегеру үшін төрешілер көптеген теориялық және практикалық сабақтан өтті. Бұл біз үшін үлкен тәжірибе болмақ. VAR төрешілерге белгілі бір сәттерде жіберіп алатын қателіктерін жөндеуге көп көмегін тигізеді, – деп атап өтті төреші.

Қорыта айтқанда, ел футболындағы екі айтулы оқиға ішкі біріншілігіміздің деңгейін арттыра түседі деген үміттеміз. Жаңа заманның көшіне ілкінен футболшылардан ары қарыштап дами берсін дейміз.

Мыңнан астам бала тегін үйірмелерге қатысады

Облыста оқушылардың білімі мен олардың қауіпсіздігі әрдайым басты назарда. Ал балаларға қосымша білім берудің де алар орны ерекше. Өйткені қосымша білім беру баланың білім алуы мен шығармашылық дамуына жағдай жасайды. Өңірдегі балаларды жан-жақты дамыту мен уақытын тиімді пайдалану мақсатында мыңнан астам балаға тегін үйірмелерге қатысуға барлық жағдай жасалған. Осы мақсатта биыл мемлекеттік шығармашылық тапсырысқа бөлінген қаржы 170 млн теңгеден асқан.

Бүгінде 4 пен 17 жас аралығындағы 1 090 бала тегін секцияларға қатыса алады, жыл соңына қарай 1 558-ге дейін артады. Өтінімдерді тіркеу үшін aptsport.edu.kz портал жұмыс істейді. Қазір 577 бала тіркелген. Олардың көпшілігі сурет салуды таңдады, 35 қыз балетпен айналысуды таңдаса, 12 бала домбыра ойнауды үйренгісі келген. Қолжетімді үйірмелер қатарына би, бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер, театр, кино клубтары, вокал, музыкалық бөлімдер, әдеби клубтар және заманауи өнер индустрия-



аяқтау жоспарланып отыр. «Ақтау жеке студиялардың иелері мемлекеттік тапсырысқа қатысу үшін тіркеу рәсімінен өтіп жатыр. Бұл жерде қатан талап пен өзіндік ереже бар. Осыған дейін қызмет көрсетуге негіз танытқан 62 өтінімнің тек сегіз ғана жұмысқа жіберілді.

Ал аймақта жана оқу жылына дайындық басталып кетті. Жақында Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Трұмовтың төрағалығымен өткен аппараттық жиында облыс мектептерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қаралды. Өңірде үш ауысымда оқытатын мектептердің үлесін азайту үшін биыл үш мектеп құрылысы мен үш мектептің қосымша құрылысын

аяқтау жоспарланып отыр. «Ақтау қаласының 34 шағынауданында 1 200 орындық мектеп және Шығыс-1 шағынауданында 300 орындық мектеп іске қосылғаннан кейін №28 және №29 мектептерде үш ауысым мәселесі шешілді», – деді облыс әкімінің орынбасары Гүлмира Қалмұратова. Облыста апатты мектептер жоқ. Қазір мектептерде 12 451 орын тапшылығы бар, ал 15 мектепте бастауыш сыныптардың 3 826 оқушысы үшінші ауысымда оқиды. Жол картасын іске асыру барысында 2025 жылға дейін 28 нысан іске қосылады.

Г.Қалмұратованың айтуынша, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды

мектепке дейінгі тәрбиесімен және оқытумен қамту үлесі – 66%. Қазір балабақшалар желісі жеке сектордың арқасында артып жатыр. Осы орайда облыста алдағы бес жылда 102 балабақша ашу жоспарланып отыр, олардың барлығы жекеменшік болмақ. Биыл 1 490 орындық 19 жекеменшік балабақша ашылуы тиіс. Бүгінде 800 орындық 13 балабақша пайдалануға берілді. Қалған алтауы жыл соңына дейін ашылады.

Өңірдегі барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген. Былтыр осы мақсатта жергілікті бюджеттен 125,6 млн теңге бөлінді. 94 мектептегі бейнебақылау жүйесі қолданыстағы нормаларға сәйкес келтірілген. 45 мектепте дабыл түймелері орнатылды. Облыстағы 51 балабақша, 43 мектеп және 9 колледжде мамандандырылған күзет бар, 98 мектепте шаттаты кестеге сәйкес вахтер және күзетші жұмыс істейді. Облыс әкімі С.Трұмов орынбасары Г.Қалмұратоваға, Полиция департаменті мен білім басқармасының басшыларына жана оқу жылына дейін балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған барлық жұмыстарды аяқтауды тапсырды.

Мәдина ЖӘЛІЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3961
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет аптасына 4 рет шығады

Кезекші редактор –
Майра ЖАНЫСБАЙ